

ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ

прогресті жігерлендіру

Корпоративтік
жауапкершілік
туралы есеп

2019
2020



Корпоративтік
жауапкершілік
туралы есеп

2019
2020

МАЗМҰНЫ

Басшылық жолдауы.....	02
Біздің жетістіктеріміз.....	03
ТШО-ның сара жолы.....	04
ТШО-ның тұрақты даму стратегиясы.....	06
ТШО тарихы (Кен орны туралы).....	06
Қауіпсіздік.....	07
Қоршаған ортаны қорғау.....	11
Қызметкерлерді дамыту стратегиясы.....	19
COVID-19 пандемиясы кезінде Қазақстанға көрсетілген көмек	28
Қазақстандық қамту.....	31
ККЖ-ҰЕКБЖ.....	39
Цифрландыру	43
Жергілікті қоғамға инвестиция	47

Басшылық жолдауы

“

ЖШС «Тәнізшевройлдың» (ТШО) бастыміндегі – өзіміз өмір сүретін және еңбек ететін қоғамға, серіктестерімізге және Қазақстан Республикасына пайда келтіру. Біз Қазақстанның экономикасы мен жарқын болашағы үшін орасан зор үлес қосып келе жатқанымызды мақтан тұтамыз. Бұл ретте, біз жұмысымызды қауіпсіз, сенімді, қоршаған ортаға зиянсыз атқаруға үмттыламыз. Біз атқаратын іс-шараларымыздың бағытын анықтағанда және қалаған нәтижелерге жету үшін, «ТШО-ның сара жолында» көрсетілген құндылықтарды, атап айтқанда адамдардың әртүрлілігіне сыйластықпен қараша, оларды ортақ іске жұмылдыра білу, жоғары нәтижелерге қол жеткізу, адалдық, сенім, серіктестік, адамдарды және қоршаған ортаны қорғауды басшылыққа аламыз.

2020 жылы пандемияға қарамастан, 26,5 миллион тонна мұнай және газ конденсаты үздіксіз және қауіпсіз жолмен өндірілді. Бұл – елдегі жалпы мұнай өндірісі көлемінің шамамен 35 пайызы. ТШО бір кезекте ұлттық экономикаға елеулі үлес қосатын елдегі ең ірі салық төлеуші-2020 жылы 6,6 млрд доллар АҚШ доллары аударылды. Ал, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдалануға 3,5 млрд АҚШ долларын жұмсалды. Сондай-ақ, біз қазақстандықтардың үлесін 84%-ға дейін ұлғайттық. ТШО-да ашылған әрбір жұмыс орны елде басқа да 39 жұмыс орнының ашылуына септігін тигізді.

2020 жылы бүкіл әлемдегі компаниялар сияқты ТШО-ның да бұрын-соңды болмаған қыындықты, бірінші кезекте өз қызметкерлеріміз берін тұтас бизнесті қорғайтын шаралар қабылдай отырып, жеңуіне тұра келді. Біздің 2019 және 2020 жылдардағы бірден бір жетістігіміз серіктестеріміздің, Қазақстан Республикасының және өзіміз еңбек ететін қоғамның қолдауының мүмкін болмас еді.

Сіздерге 2019-2020 жылдардың қорытындысына арналған ТШО-ның басты жетістіктері мен құндылықтарын және қызметімізді аса жауапкершілікпен атқаратынымызды көрсететін корпоративтік қызмет туралы бұл есеп үнайды деген сенімдеміз. Келесі жылға үмітпен қараймыз және Қазақстан азаматтарына 2021 жылы зор денсаулық, бақыт және табыс тілейміз.

Имер Боннер, ТШО Бас директоры

Айбек Крамбаев, ТШО Бас директорының орынбасары



Имер Боннер
ТШО Бас директоры




Айбек Крамбаев
ТШО Бас директорының
орынбасары

Біздің 2020 жылдағы жетістіктеріміз

Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі
және қоршаған ортаны қорғау




Газды кәдеге
жарату



Суды қайта
пайдалану



Түрлі қалдықтардың
қайта өндеуге
жіберілуі



Қазақстанға
COVID-19 – ға
қарсы күресте көмек
көрсету

Қазақстан экономикасына қосқан үлесі

Қазақстан Республикасына
тікелей төлемдер

\$ 6,6 млрд

\$ 3,5 млрд

астам қаржыға қазақстанның
қамтушылардың тауарлары мен
қызметтері алынды

1993 жылдан бастап

\$ 36,4 млрд

астам қаржыға қазақстанның
қамтушылардың тауарлары мен
қызметтері сатып алынды

Кадрларды дамыту



Негізгі өндірістегі
қазақстанның қызметкерлер,
оның ішінде ККЖ-ҮЕҚБЖ

84%

Негізгі өндірістегі
қазақстанның басшылардың
үлесі

85%

Қоғамдастыққа бағытталған инвестициялар

1993 жылдан бастап ТШО Атырау облысының тұрғындары мен қызметкерлері үшін түрлі
әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға **2,1 млрд АҚШ долларынан**
астам қаржы бөлді

«Игілік» еркіті әлеуметтік-инфрақұрылым бағдарламасының бюджеті –

25 млн АҚШ доллары

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының бюджеті - **2,2 млн АҚШ доллары**

ТШО-ның сара жолы

Біз кімбіз?

Біз қазіргі экономиканың қозғаушысы болып табылатын мұнай, газ және ілеспе өнімдерді өндіретін жетекші компаниямыз. Біздің тарихымыз тәуелсіз Қазақстанның дамуымен тығыз байланысты.

Біз неге сенеміз?

Біз қоршаған ортаға ең аз мөлшерде өсер ете отырып, қауіпсіз, сенімді және жауапкершілікпен жұмыс істеуге тырысамыз. «ТШО-ның сара жолында»

көрсетілген айырмашылықтар мен құштарлыққа,

жоғары көрсеткіштерге, адалдық пен сенімге, әріптестікке, адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауға қатысты құндылықтарымыз біздің кім еkenімізді анықтап, нәтижелерге қол жеткізуге бағыттайты.

Біз әлеуметтік салада жауапкершілік қағидастын үстана отырып, жұмыс істейміз және өз қызметімізді жүзеге асыратын қоғамдастыққа, сондай-ақ біздің қызметкерлеріміздің әл-ауқатын инвестициялауға

міндеттенеміз. Біз жергілікті компаниялардың экономика мен қоғамға пайда әкелетініне сенеміз, және де жергілікті кәсіпорындардың даму мүмкіндіктері мен жетістіктерін қолдаймыз.

Біз бұны қалай іске асырамыз?

Біз өз қызметімізді жоғары жауапкершілікпен жүзеге асыра отырып, нәтижелерге дұрыс жолмен қол жеткізіп, әрқашан өз көрсеткіштерімізді жетілдіруде үздік болуға үмтүламыз. Біз жоғары жетістіктерге сан түрлі қызметкерлеріміздің әркімнің пікірі ескерілетін ұжымдық еңбектің, сондай-ақ технологиялар, цифrlандыру, инновациялар және кәсібіліктің арқасында қол жеткіземіз. Біз үкіметпен, серіктестерімізben, жұртшылықпен, мердігер үйымдарымызben, клиенттермен және бір-бірімізben құрметке, сенімге негізделген бірлескен және өнімді қарым-қатынастар орнатамыз.

Біз қайданбыз?

Біз Қазақстанның тарихын, дәстүрі мен мәдениетін құрметтейміз. Теніз кеніншін тұңғыш ашушыларға технологиялық тұрғыдан әлемдегі ең күрделі мұнай-газ кен орындарын ашу мен игерудегі баға жеттес еңбегі үшін алғыс айтамыз. Олар болашақ үрпақ үшін берік іргетас қалады.

Немен айналысамыз?


Біз үйлерді жылжытатын, автокөліктеге от алдыратын өнімдерді қауіпсіз және сенімді түрде өндіреміз және бизнесі қолдаймыз, қоғамға пайда әкелеміз. Сондай-ақ, біз Қазақстан Республикасының және өз қызметімізді атқарып жатқан Атырау облысының экономикалық дамуына елеулі үлес қосамыз.

Біздің негізгі міндетіміз Қазақстан Республикасы, біздің төрт серіктесіміз бен өзіміз тұратын, қызметімізді жүзеге асырып жатқан өнір жұртшылығына және мен өзіміз үшін құндылық жасау болып табылады. Біз Қазақстанның экономикалық өсуіне және оның болашағына үлес қосатынымызды мақтан тұтамыз - болашақ үрпақ үшін жаңа мұра қалыптастырамыз.

Бұлай жасау бізге не үшін қажет?

Біздің бағытымыз қандай?

Біз Теніздеңі келесі ірі кеңейту жобасын жүзеге асыруға кірістік. Келешек кеңею жобасы - Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (БКЖ-ҰЕҚБЖ) Қазақстан мен халықаралық компаниялар арасындағы серіктестік арқылы білімді қызметкерлер, жаңа нысандар, технологиялар трансфері, сондай-ақ өнірде жақсартылған инфра-құрылым түрінде мұра қалыптастыратын қазіргі заманға сай жоба болып табылады. Бұл еліміздің болашақ үрпақтарын әлемдік деңгейдегі заманға сай көмірсүтекті ресурстармен қамтамасыз ететін белгілі жоба.



Біз – ТШО-мыз

Мақсат

Біздің басты мақсатымыз – Қазақстан Республикасына, ТШО құрылтайшыларына және қызметкерлеріне анағұрлым мол пайдада әкелу.

Келешектегі міндет

Элемдегі мұнай-газ саласындағы ең қауіпсіз, анағұрлым тиімді және табысты, қызметкерлерінің біліктілігі мен серіктестік қарым-қатынас және өндірістік көрсеткіштерімен құрметке ие кәсіпорын болу

ТШО-ның сара жолы

Нәтижеге дұрыс жолмен жету

«ТШО-ның сара жолы» біздің кім екенімізді, неге сенетінімізді, мақсатымызға қалай жететінімізді және неге үмтүлатынымызды түсіндіреді.

Ол компания қызметкерлерімен қатар бізben қарым-қатынас жасайтын тараптар үшін біздің құндылықтарымыз бер мінез-құлыш үлгілеріміз жайлы ортақ түсінік қалыптастырады.




ТШО-ның тұрақты даму стратегиясы

Компаниядағы тұрақты корпоративтік стратегия үзақ мерзімді және тұрақты нәтижелерге қол жеткізуде шешуші рөл атқарады. Біз «ТШО-ның сара жолы» қағидаттарында жазылған құндылықтарды басшылыққа аламыз. Бұл құндылықтар біздің кім екенімізді және бизнесті қалай жүргізетінімізді анықтайды. Біз қауіпсіз және жауапкершілікпен жұмыс істеуге, сапаны үнемі жақсартуға, өмір сүріп жатқан және жұмыс істейтін қауымдастыққа пайда әкеleуге тырысамыз. Сондай-ақ, біз әдептілік пен құқықтық нормалардың жоғары стандарттарын ұстанамыз.

Бұл есеп Тенізшевройлдың 2019 және 2020 жылдары атқарған жұмыстары туралы баяндайды. Корпоративтік жауапкершілік бойынша жаңартулар мен толығырақ ақпаратты www.tengizchevroil.com сайтының тиісті бөлімінен таба аласыздар.

ТШО тарихы

Батыс Қазақстанда орналасқан Теніз мұнай кен орны 1979 жылы ашылды. 1993 жылдың сәуірінде «Тенізшевройл» БК құрылып, оның алғашқы серіктес-құрылтайшылары Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Шеврон» корпорациясы болды. Бүгінгі таңда жобадағы тиісті үлестері бар «Шеврон» (50%), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (20%), «ЭксонМобил Казахстан Венчурс Инк.»(25%) және «ЛукАрко» (5%) ТШО серіктестері болып табылады.



Кен орны туралы

Аумағы 2500 км² (1600 миль²) лицензиялық участкениң алаңына Теніз кен орны және кішірек, бірақ қорлары бойынша ірі Королев кен орнықіреді. Теніз және Королев кеніштерінен алынатын мұнай қоры 750 млн тоннадан 1,1 млрд тоннаға дейінгі (6-дан 9 млрд. баррельге дейін) аралықта бағаланады. Теніз кен орны коллекторындағы бағалау қорлары 3 млрд. тоннаны (26 млрд. баррель) құрайды. Әлемдік деңгейдегі кен орындарына жататын Королев кен орнының қоры 180 млн. тоннаға (1,5 млрд. баррель) бағаланады. Теніз кен орны-әлемдегі ең терен мұнай кен орны, мұнай коллекторының жоғарғы жағы шамамен 4 000 м (13 000 фут) терендікте жатыр. Теніз коллекторының ені 19 км (12 миль), ал ұзындығы 21 км (13 миль), мұнай қабатының қалыңдығы 1 мильді құрайды. Кен орны ауданының үлкендерінің сонша - айналасымен екі марафон қашықтықты жүгіруге болады.



Қауіпсіздік және
еңбекті қорғау

Адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау ТШО-ның сара жолындағы басты құндылық болып табылады. Біз жеке және өнеркәсіп қауіпсіздігін қатаң ұстанамыз. Біз қауіпсіз, сенімді және экологиялық түрғыдан жауапкершілікпен жұмыс істеуге ұмтыламыз.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Біз өз қызметімізді әлеуметтік салада және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде жауапкершілік қағидасын ұстану арқылы, өзіміз жұмыс істейтін қоғамға пайда әкеle отырып жүргіземіз. ТШО-ның және мердігер ұйымдардың әрбір қызметкери жұмысты қауіпсіз бастауға болатын жағдайларды қамтамасыз етуге жауапты, сондай-ақ егер қауіпті мінез-құлық немесе қауілті жағдайлар байқалса, жұмысты уақытша немесе толық тоқтатуға құқығы бар.

Қауіп-қатер деңгейі жоғары жұмыстар кезінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ұйымдастыру және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар мен рәсімдер (ҚжЕҚ) әзірленіп, енгізілді. Жұмыстарды қауіпсіз орындау әдістерін басқару тобы және басқа топтар ҚжЕҚ бойынша нұсқаулықтар мен рәсімдерді енгізуі және тұрақты қолдауды қамтамасыз ете отырып, осы процестердің тиімділігін бағалап, оларды жетілдіру бойынша жоспарлар әзірлейді. ҚжЕҚ жөніндегі нұсқаулықтар мен рәсімдерден басқа, кәсіпорында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ұйымдастыруды реттейтін бірқатар құжаттар бар. Бұл «Өндірісті пайдалану бөлімі қызметкерлерінің артық жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдерді басқару бағдарламасы», «Ыстық және суық ауа райы жағдайларында ашық ауада жұмыстар жүргізу кезінде денсаулықты қорғау жөніндегі нұсқаулық», «Тәжірибесі аз қызметкерлердің қызметін басқару бағдарламасы» және басқалар.

Өнеркәсіптік гигиена

ҚР талаптарына сәйкес, ТШО қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету жағдайларының осы саланың әртүрлі стандарттарына сәйкестігін анықтау үшін өз нысандарына бағалау жүргізеді. Аталған бағалаудың мақсаты төмендегі элементтерді көрсететін өндірістік факторлардың әсер ету деңгейін бақылау:

- **Нақты еңбек жағдайларын бағалау және жұмыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету;**
- **Қызметкерлерді жеке және ұжымдық қорғаудың қажетті құралдарымен қамтамасыз ету, олардың еңбек жағдайларына және қойылатын стандарттар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;**
- **Жұмыс орындарын қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келтіру үшін еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсарту бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешенін жүргізу.**

Ауыз судың сапасын бақылау

Компанияда ауыз судың қауіпсіздігі мен зиянсыздығын қамтамасыз ету үшін Тәніз бен Атырау қаласында орналасқан ТШО нысандарындағы ауыз судың сапасын бақылайтын өндірістік жұмыс бағдарламалары бар. Ауыз су сынамалары күн сайын 56 көрсеткіш бойынша зерттеу үшін орталық зауыт зертханасына (ОЗЗ) және Ұлттық сараптама орталығы Атырау филиалының зертханасына (ҰСО) жеткізіледі. Барлық зерттеу нәтижелері бойынша тарату желісіндегі ауыз су санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес болды.

Зиянды өндірістік факторлардың мониторингі

Жұмыс орындарындағы өндірістік бақылау бағдарламасы өндірістің адамға және оның денсаулығына әсерін бағалау, Қазақстан Республикасының санитарлық-гигиеналық нормаларына және американдық өнеркәсіптік гигиена қауымдастырының (ACGIH) зиянды әсерлерге бақылау жүргізу жөніндегі ережелерінен сәйкес технологиялық процестер барысында гигиеналық талаптарды сақтау мақсатында өзірленді. Өндірістік бақылау бағдарламасы өндірістік ортаның ықтимал қауіпті факторларын іріктеуді және зертханалық-аспаптық зерттеулерді қамтиды. Бақылау барысында іс-шараларға түзетулер енгізіліп, анықталған сәйкесіздіктерді жоюға бағытталған ұсыныстар берілді.



Артық жұмыс істеуге байланысты тәуекелдерді басқару

2019 жылы тәуекел дәрежесі жоғары жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің артық жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдерді басқару бағдарламасы өзірленді. Бұл бағдарлама қызметкерлерге артық жұмыс істеу тәуекеліне ұшырау тұрғысынан өз жағдайын бағалауға және анықталған тәуекелдер туралы өз басшылығына хабарлауға мүмкіндік береді. Бұл бастама жұмысшылардың шамадан тыс жұмыс жасауына байланысты оқиғалардың алдын алу үшін жасалды.

COVID-19-ға байланысты жұмыс орындарында психикалық денсаулықты сақтау мақсатында қашықтықтан жұмыс істейтін қызметкерлерді қолдауды қамтитын қызметкерлердің психикалық денсаулығын қорғау жөніндегі ТШО бағдарламасына сәйкес психологиялық көмек көрсетілді. ТШО қызметкерлерін психологиялық қолдау жөніндегі арнайы бағдарлама (ПҚАБ) аптасына 7 күн бойы телефон желісі бойынша қазақ және орыс тілдерінде тегін қызмет көрсетеді. Кеңесшілер стресс немесе мазасыздық, шаршау немесе шамадан тыс жүктеме жағдайында, немесе күмән мен алаңдаушылық туындаған жағдайда қолдау көрсетіп, көмектесе алады.

«Тексеру және растау» процесі

«Қорғаныс құралдарын тексеру және растау (ТжР)» бағдарламасы – бұл тәуекел дәрежесі жоғары жұмыстар үшін қорғаныс құралдарының болуын және оларды жұмыста қолдануды қамтамасыз ететін жүйелі тәсіл. Бұл бағдарлама қорғаныс құралдарындағы осал тұстарды анықтауға және оларды жақсарту үшін одан әрі шаралар қабылдауға бағытталған. ТжР бағдарламасы енгізілген сәттен бастап қатысуышылардың бірлескен күш-жігері нәтижесінде 120 мыңнан астам инспекция өткізіліп, 576 мыңнан астам қорғау құралдары тексерілді.

Мердігер ұйымдардың (CHESM) ҚжЕК және ҚОҚ басқару процесі

Теңіздегі әрбір қызметкердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін олардың барлығы біздің қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәдениетімізді (ҚжЕК және ҚОҚ) зерделеу, түсіну және енгізу процесіне тартылды. ТШО өз қызметкерлері мен мердігер ұйымдардың қызметкерлерін ҚжЕК және ҚОҚ саласындағы үздік көрсеткіштері мен көшбасшылық қасиеттері үшін ынталандырады.

Оқу-жаттығу сабактары

Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс туралы Заңына сәйкес, ТШО-да авариялық жағдайларда өз рөлдері мен міндеттерін орындауға дайындығын қамтамасыз ету мақсатында авариялық жағдайларға ден қою бойынша оқыту сессиялары және оқу дабылдары/апаттарқа қарсы жаттығулар (бұдан әрі-ОЖБ/АҚЖ) өткізіледі. 2019 және 2020 жылдары ТШО-ның оперативті бақылауындағы Теңіздің барлық нысандарында төмендегі жұмыстар сәтті жүргізілді:

- Әрбір нысан басында (ГЛАМ) аварияны жою топтарының және ТШО-ның өрт-авариялық қызметінің қатысуымен 549 аварияға қарсы жаттығулар (АҚЖ);
- Апatty жою штабтарында 2-денгейлі (2 деңгейдегі АЖБТ) апatty жағдайларды басқару топтарының қатысуымен және ТШО ГЛАМ мен ӨСАҚ (өрт сөндіру апatty қызметі) қатысуымен 18 оқу-жаттығу сабактары (ОЖБ) өткізілді;
- 3-денгейдегі АЖБТ қатысуымен (ОЖБ) 2 оқу-жаттығу сабактары өткізілді.



Оқу-жаттығу сабактары нәтижелері бойынша АЖБТ 3 және дағдарысты басқару топтары мүшелері шектеулі уақытта күрделі, шиеленісті жағдайда өз іс-әрекеттерін басқарудың, өзара қарым-қатынастың, үйлестірудің жақсы дағдыларын көрсетті.


Сондай-ақ, ТШО өкілдері Каспий құбыр консорциумымен жыл сайынғы бірлескен кешенді оқу-жаттығуын өткізді.



Қоршаған ортандың қорғау

Біздің тәсілдеме –

ТШО нысандарындағы қоршаған ортаны қорғау



Қызметкерлеріміздің денсаулығы мен қауіпсіздігі, өндіріс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау біз үшін аса маңызды.

ТШО экологиялық көрсеткіштерді ұдайы жақсарту жолын ұстанады. 2000 жылдан бастап Теніз кен орнындағы қоршаған ортаға әсерді барынша азайту жобаларына 3,1 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция салды. Осының барлығы алауда жағылатын газдың көлемін азайтуға, ағын суларды тазарту процесін жақсартуға, қайта пайдаланған судың көлемін арттыруға және өндіріс қалдықтарын қауіпсіз көдеге жаратуға мүмкіндік берді.

Кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметі атмосфералық ауаны қорғау, су ресурстарын ұтымды пайдалану, жер қойнауын және жерді қорғау, қалдықтарды көдеге жарату, көгалдандыру, экологиялық ағарту істеріне бағытталған.

Атмосфералық ауаны қорғау

Атмосфералық ауаны қорғау-бұл шығарындыларды есепке алуды, бақылауды және оларды жүйелі түрде азайтуды көздейтін кешенді бағдарлама.

ТШО мұнай өндіру көлемін ұлғайта отырып, атмосфераға жіберілетін меншікті шығарындылардың үлесін тұрақты азайтуда. 2000-2020 жылдар аралығында атмосфераға жіберілген меншікті шығарындылардың көрсеткіштері 71%-ға төмендеді. Сонымен қатар, кәсіпорын күрделі жобаларды іске асыру және жабдықтардың сенімділігін қаржыландыру нәтижесінде жылдық мұнай өндірісін 2,6 есеге арттыруды.


Алауларда газды жағу

Кәсіпорын 2009 жылды ілеспе газды алауларда үздіксіз жағудан бас тартып, газды көдеге жаратуда жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Өндірілетін газдың 99%-ы экспортқа жіберіледі немесе компанияның ішкі қажеттіліктері үшін пайдаланылады.

2020 жылды алауларда жағылатын газдың көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 68%-ға төмендеді. Кәсіпорын өндіріс қауіпсіздігі мен жабдықтың сенімділігін қамтамасыз ете отырып, өз жұмысын тиімді түрде жалғастыруды.

Соңғы төрт жылда ТШО газды жағуды

68%-ға азайтты



Парниктік газдар шығарындыларын басқару

2018 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап парниктік газдар (ПГ) шығарындылары бойынша есеп беру және квоталау жөніндегі талаптар қайтадан күшіне енді және ПГ шығарындыларына квоталар бөлудің 2018-2020 жылдарға арналған жаңа үлттық жоспары бекітілді.

Су ресурстарын басқару

Суды тұтыну

ТШО тұщы судың құндылығы жоғары екендігін түсінеді және оны ұтымды пайдалануға ерекше мән береді. Өндірістік нысандар Қиғаш өзенінің сол жағалауында орналасқан магистралды су құбыры арқылы сумен қамтылады. Кәсіпорынның ресурстарды үнемдеу арқылы тұтыну көлемін төмендетуге бейілділігі Тәніз кен орны орналасқан құрғақ климаттық өңірде ерекше маңызды екенін ескере отырып, ТШО-ның су ресурстарын басқару жүйесі суды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді. Кәсіпорын өз ішінде және мердігер ұйымдарға таралатын су тұтынудың тиімділігін арттыруға және қызметкерлердің мінез-құлқын өзгертуге бағытталған тұщы су ресурстарын сақтау науқанын белсенді түрде жүргізіп келеді.

Ағын суларды тазарту және шығару

Суды қашыртпас бұрын ағын сулардың барлық түрлері алдын ала механикалық немесе биологиялық тазартудан немесе толық тазартудан және заарсыздандырудан өтеді. Тәніздердегі көріздік тазарту құрылыштары (КТҚ) және суды қайта пайдалану құрылыштары (СҚПҚ) ТШО-ның тұщы су ресурстарын сақтауға және ағынсуларды тиімді түрде тазартуға бағытталған ірі күрделі жобалар болып табылады.

Тәніздергі КТҚ тәулігіне 6000 м³ дейін тұрмыстық ағын суларды тазартуға жобаланып, 2013 жылдың үшінші тоқсанында пайдалануға берілді. 2019 жылы КТҚ-да жаңғырту жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде қондырғының өнімділігі тәулігіне 7500 м³ дейін, яғни 25%-ға артты. Жүргізілген жаңғырту жұмыстары Келешек Кеңеу Жобасының нысандарынан келетін ағын суларды тазартуға мүмкіндік береді. Бұгінгі таңда ең жақсы технологияны сәтті енгізудің нәтижесінде ағынсулардың шығару көлемін азайтуға, қайта пайдаланатын судың көлемін арттыруға және қоршаған ортаны қорғауға қол жетті.

Қазіргі таңда барлық тазарту құрылыштары экологиялық талаптарға сәйкес ықтимал қайта пайдалану үшін Тәніз нысандарынан булану алаңдарына қашырту үшін шаруашылық-тұрмыстық ағын суларды сенімді және тиімді тазартуды қамтамасыз етеді. Бұндай қолжетімді ең үздік технологияны табысты енгізу ағын сулар тәгінділерінің көлемін қысқартуға, суды қайта пайдалануды ұлғайтуға және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Суды қайта пайдалану

СҚП құрылыстарын пайдалану ТШО-ның түщі суды сақтау және ағын суларды тұрақты басқару жөніндегі бастамаларын қолдайды. 2016 жылдың үшінші тоқсанында пайдалануға берілген СҚП су ресурстарын ұқыпты пайдалану жөніндегі ұзақ мерзімді кешенде бағдарламаның негізгі элементі болып табылады.

СҚП құрылыстары кері осмос процесінің көмегімен суды техникалық су сапасынан жоғары деңгейде тазартады және ТШО-ның өндірістік қажеттіліктері үшін тәулігіне 3600 м³ дейін айналма су көлемін алуға есептелген. СҚП қондырғысынан қайта өнделген судың сапасы жоғары болғандықтан, тәулігіне 4000 м³ және одан жоғары көлемдегі техникалық судың орнына көрсетілген су көлемі қолданылады.

Сенімділіктің ең жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін 2019 жылдың үшінші тоқсанында СҚП қондырғысына қосымша тазартудың үшінші сатысы, яғни ультрасұзгілеу қосылды, бұл тазарту құрылыстарының сенімділігін арттыруға және түщі су шығынын азайтуға мүмкіндік берді. СҚП қондырғысында айналма судың өнделуі ТШО-дағы қайта пайдаланылатын судың жалпы жылдық көлемін арттыруға мүмкіндік берді. 2020 жылдың желтоқсанындағы мәліметтейнеше ТШО нысандарында шамамен 49,2% су қайта пайдаланылады.

Теңіздегі су ресурстарын сақтау жөніндегі басқа да бастамалар

ТШО су тұтынуды саналы түрде азайту және хабардарлықты арттыру арқылы түщі су ресурстарын сақтау бойынша белсенді жұмыс жүргізіп келеді, сол арқылы ТШО мен мердігер ұйымдар қызметкерлерінің мінез-құлқын езгертуі көздейді.



Қалдықтарды басқару

Қалдықтарды азайту - ТШО-ның қалдықтарды қайта пайдалану және қайта өндеу жөніндегі бастамалар шеңберіндегі қоршаған ортаға әсерді одан әрі тәмендету үшін пайдаланылатын басым бағыты болып табылады.

ТШО нысандарында өндірістік қалдықтардың 35-тен астам түрі қайта өндеуге жіберіледі. Сондай-ақ, қайта өндеу бойынша арнайы жобалар жүзеге асырылуда, мысалы, қағаз, картон, шыны және пластик бөтөлкелер, алюминий, сусындар мен тамақ өнімдерінен қалғанметалл құтыларды жинау және оларды одан әрі қайта өндеу және қайталама пайдалану үшін бөгде ұйымдарға тапсыру. ТШО 2019 жылдан бастап қайта өндеуге жіберілген пластик түрлерінің санын көбейтті, бұл Қазақстандағы қалдықтарды қайта өндеу саласының қалыптасуына септігін тигізеді.

Қалдықтарды кәдеге жарату кешендері

«Теңіз Эко Орталығы» (ТЭО) -Теңіз кен орнында орналасқан ТШО нысандарында пайдалатын қатты қалдықтарды қауіпсіз қабылдауға, басқаруға, сақтауға және кәдеге жаратуға арналған орталықтандырылған кешен.

ТЭО нысанында төмендегі шаралар жүргізіледі:

- Қалдықтарды қайта пайдалану (агаш қалдықтары мен бетонды ұсақтағыш/тас майдалағышпен ұсақтау);
- Ньюстер-10 қондырғысында медициналық қалдықтарды залалсыздандыру/зарарсыздандыру;
- ТШО-дан тысқары жерлерге қайта өңдеуге жіберу үшін қағаз, картон және пластик қалдықтарын престеу және сыйымдау;
- Бетон және агаш қалдықтарын, пайдаланылған шиналарды, аккумуляторларды, шыны қалдықтарын ТШО-дан тысқары жерде қайта өңдеу алдында оларды жинақтау және уақытша сақтау;
- Қайта пайдалануға немесе полигондарда қайта өңдеуге жатпайтын өнеркәсіптік және қатты түрмистық қалдықтарды жою/көму.

Полигондар

ТШО-ның «Теңіз Эко Орталығының» қатты түрмистық және өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату нысаны, сондай-ақ қалдықтарды уақытша сақтауға арналған алаңдары бар; барлық өндірістік нысандар халықаралық стандарттарға сәйкес салынған.

Қалдықтарды қайта пайдалану

ТШО 2019 жылғы қалдықтарды қайта өңдеу деңгейін 64% ұстап тұру мүмкіндіктерін зерттеп және қалдықтарды басқару жөніндегі қызметтердің жергілікті нарығын дамыту үшін айтарлықтай күш жүмсауда.

ТШО қалдықтарды қайта өңдеу саласындағы серіктерімен бірге жергілікті қазақстандық қамтуды дамыту міндеттемесін ұстанады. Қызметтер мен сыртқы қамтушылардың қатысымен қалдықтарды қайта өңдеу үшін қосымша мүмкіндіктер іздестіруді жалғастыруда.



Коршаған орта жағдайын бақылау

ТШО ҚР экологиялық заңнамасына сәйкес, сертификатталған зертхананы тарта отырып, өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭК) жүргізеді, және ӨЭК нәтижелері жөніндегі есептерді Атырау облысы бойынша экология департаментіне тоқсан сайын ұсынады.

Ауа сапасының мониторингі

Атмосфералық ауаның сапасын бақылау үшін 3 түрлі бекет қолданылады: стационарлық, бағдаржолдық және жылжымалы. Қосымша, СҚА шекарасында және одан тыс жерлерде қоршаған ортаны бақылауға арналған автоматты станциялар орнатылған. Бұл станциялар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен шектелетін ауаны негізгі ластаушылардың концентрациясын өлшеу үшін қызмет етеді.

2020 жылы ТШО шығарындылар әмиссиясына мониторинг жүргізудің автоматтандырылған жүйесі бағдарламасын (ЭБАЖ) енгізуге кірісті. Қазіргі уақытта қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ЭБАЖ-дан деректерді беру үшін техникалық бағалау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл ретте сынақ деректерінде үәкілетті органмен байланысты тексеру үшін ақпараттық талдау орталығына сәтті жіберілді. Сондай-ақ, қолда бар талдағыштардың деректерді беруге дайындығына тексеру жүргізілді.

2020 жылы «Қазгидромет» РМК жүйесімен техникалық бағалау және интеграциялау жүйесі бойынша СНОС деректерін онлайн арқылы беру бағытында жұмыс жүргізілді. ТШО «Қазгидромет» РМК орталық кеңесінің мамандарымен техникалық талаптарды өзірлең, сервер дайындағы, одан «Қазгидромет» РМК деректерді жинауды жоспарлауда, яғни жиналған деректер «AirKZ» мобильді қосымшасында автоматты түрде жарияланады. 2020 жылдың соңында интеграция және тестілік деректерді «Қазгидромет» РМК жүйесіне беру жүргізілді, жоба 2021 жылдың екінші жартысында аяқталады деп жоспарлануда.

Қоқыс газдың мониторингі

«Теңіз Эко Орталығындағы» тұрмыстық қатты қалдықтар полигонында және өнеркәсіптік қалдықтар полигонында пайда болатын қоқыс газға Экологиялық кодекске сәйкес мониторинг жүргізіледі.

ТЭО-да жиналатын сұзінді судың мониторингі

ТШО-ның өнеркәсіптік қалдықтар (ӨҚ полигоны) және ТҚҚ (тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны) полигондарындағы сұзінді су мониторингіне полигондарға іргелес аумақтарды көзбен шолып тексеру, байқау құдықтардағы сұзінді су деңгейін бақылау және сұзінді судың химиялық құрамы туралы деректерді бағалау кіреді.

Топырақтың жай-күйіне мониторинг

Топырақтың жай-күйіне мониторинг ТШО-ның негізгі өндіріс участкелерінде орналасқан 55 сынамалық алаңшада жыл сайын өткізіледі.

Жер асты суларының мониторингі

ТШО қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпарат алу, ластанған участкелерді уақтылы анықтау және Т кәсіпорын қызметіне әсерді бағалау мақсатында жер асты суларын бақылау бағдарламасы өзірлеңді, оған «Теңізшевройл» ЖШС-нің нысандары орналасқан жерлердегі жерасты суларының деңгейін, тәртібін және сапасын бақылау кіреді.



Ағын сулардың жай-қүйіне мониторинг

Өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық ағын суларға жүргізілген мониторинг булану алаңдарына және жер асты горизонттарына (айдай ұңғымалары) шығарылатын тазартылған ағын сулардың сапасын бақылауға мүмкіндік берді және ҚР белгіленген экологиялық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Радиацияға мониторинг

ТШО өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы шеңберінде компания нысандарындағы радиациялық жағдай және оның өзгеруі туралы ақпарат алу мақсатында радиацияға мониторинг жүргізеді, яғни өлшенетін алаңдардың, жабдықтардың, металл сынықтарының және т. б. бетінен 0,1 м қашықтықта табиғи радионуклиидтердің гамма-сәулеленуінің баламалы дозасы қуатының (БДҚ) көрсеткіштерін анықтайды.

Жерді қалпына келтіру

Барлау, зерттеу және құрылыш жұмыстары кезінде бүлінген жерлерді жоспарлы түрде қалпына келтіру-кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау стратегиясының басты бөлігі. Бүлінген жерлерді қалпына келтіру қоқыстарды жинау және шығару, шұңқырларды толтыру, беткейлерді, рельеф бұдырларын тегістеу және табиғи өсімдіктердің өсуіне жағдай жасау арқылы табиғи ландшафтты қалпына келтіруді қамтиды.

Кәсіпорын жыл сайын серіктестік аумағындағы жер ресурстарының жағдайын анықтау, әрі қалпына келтіру бойынша іс-шараларды жоспарлау мақсатында бұзылған жерлерге мониторинг жүргізеді. Қоршаған орта жағдайларын жақсарту үшін Тәңіз аумағында мұнай-газ кен орындарын ерте игеру кезінде салынған ескі нысандардың орналасу аймақтарын бұзу және қалпына келтіру бойынша жобалар әзірленіп, табысты жүзегеасырылуда.

Биоалуантүрлілік

ТШО бастасы негізінде ККЖ-ҮЕҚБЖ жобасы шеңберінде әрекет ету аймағында және жобадан тысқары жерлерде биоалуантүрлілікті сақтау бойынша қосымша іс-шаралар жүргізілуде

2019 жылы ККЖ-ҮЕҚБЖ жобасы шеңберінде тарғақты сақтау жобасын жүзеге асырып жатқан Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығына (ҚБСҚ) қаржылық қолдау көрсетті.

Негізгі міндет - ұя салатын кезінде және оның алдында, сондай-ақ келу-қайту кезендерінде тарғақтың популяциясын бақылау. Ұшып келген тарғақтардың саны да ескерілді.

Бұл жоба 2020 жылы да жалғасын тапты.



Бекіре балық өсіру зауытын қолдау

Жоба аясында Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауытының жақсарту жөніндегі іс-шаралар жүргізілді: аналық табын мен шабақтарға арналған сапалы жем, балық өсіретін тоғандарды оттегімен қанықтыруға арналған аэраторлар, зауыт тоғандарын үшін сыртқы тұпті тереңдетьу жұмыстарына арналған экскаватор сатып алынды. Сондай-ақ, зауыттың өндірістік процестерін жақсарту мүмкіндіктерін бағалау мақсатында балық шаруашылығы жөніндегі тәуелсіз сарапшының, балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының және бекіре зауыты өкілдерінің қатысуымен дәнгелек үстел өткізілді.

Жайық-Атырау бекіре зауытына көрсетілген қолдау нәтижесінде бекіре балықтардың аналық табыны айтарлықтай салмақ қости. Сондай-ақ, тоған суларында ерітілген оттегінің концентрациясы артты.



Тасталған балық аулау торларын жинау жобасы

Бұл жоба тастанды торларды қол күшімен алу арқылы итбалықтар мен балықтардың торларға түсіүіне жол бермеуге және жойылып бара жатқан теңіз балықтары түрлерін, мысалы Каспий итбалығы мен бекіре тұқымдастарын қорғауға және олардың өсуіне үлес қосуға бағытталды.

Нәтижесінде, 2020 жылғы бір ғана маусымда шамамен 6600 кг тасталған тор және 1500 кг теңіз қоқысы жиналды.

2014 жылдан бері Каспий теңізінен 780 тасталған тор (16 200 кг) және 8 000 кг-нан астам теңіз қоқысы алынды, сондай-ақ тасталған торлардан 53 бекіре мен 15 итбалық босатылды.





Қызметкерлерді дамыту
стратегиясы



84%

негізгі өндірістегі ҚР
азаматтарының жалпы
үлесі



85%

негізгі өндірістегі
басшылық лауазымдардағы
ҚР азаматтарының үлесі



31

ТШО-ның қызметкері
Шеврон корпорациясының
түрлі бөлімшелерінде
жұмысқа тағайындалды



25-тен

астам ұлт өкілі біртұтас
ТШО ұжымында
еңбек етуде



11 404

медициналық сақтандыру
бағдарламасы бойынша
сақтандырылған ТШО
қызметкерлері мен олардың
отбасы мүшелерінің саны



\$81 МЛН

2008 жылдан бері компания
ТШО қызметкерлерін оқыту
бағдарламаларына 81 млн
астам АҚШ доллары көлемінде
қаржы салды

6

назар аударуға
тұрарлық дерек


Стратегиялық жоспарлау мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау

ТШО-да қызметкерді басқару процесі-
нің негізі **қызметкерлерді алдағы және**
орта мерзімді келешекте стратегия-
лық жоспарлау болып табылады.
Аталған процесте қазақстандық үлеске
баса назар аударылады.



Кадрларды дамыту стратегиясы

Қазақстанның еңбек ресурстарын дамытуға қаржы салу - жоғары нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін жоғары білікті қызметкерлерді дамытуға және қолдауға арналған ТШО-ның стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. 2020 жылдың соңында ТШО-да негізгі өндіріске тартылған қазақстанның қызметкерлердің үлесі 92%-ды, ал ТШО-ның негізгі өндірістегі қазақстанның басшыларының үлесі бысшылық құрамның жалпы санының 85%-ын құрады.



ТШО-ға жұмысқа қабылдау процесі үздік технологияларға сәйкес келеді, ашық және шынайы түрде өтеді. Компанияның сыртқы сайтында ТШО бос орындары туралы ақпарат жарияланады және ол барлық әлеуетті кандидаттарға мүндей ресурсқа бірдей қол жеткізуdi қамтамасыз өтеді. ТШО тәжірибелі мамандарды ғана емес, компания қажеттіліктеріне байланысты жоғары оқу орындарының талантты бітірушілерін де жұмысқа тартуға мән береді.

Кәсіпорын қызметкерлерді әлеуметтік қорғауды ұжымның еңбек және өндірістік қарым-қатынастарын реттеу, жалпы сыйақының тиімді жүйесін жасау, қызметкерлерді дамыту мүмкіндіктерімен қамтамасыз өту, оқыту және дамыту бағдарламалары негізінде олардың әлеуетін ашу, сондай-ақ түрлі тағылымдамалар, кадрлық резервті жоспарлау, әлеуметтік бағдарламалардың кеңейтілген пакеті, корпоративтік мәдениетті қолдау, қызметкерлердің компания құндылықтары мен стратегиясын ұстануға бағытталған жеңілдіктер мен бастамалары арқылы қамтамасыз өтеді.

ТШО-ның өз қызметкерлері алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі 1996 жылдан бастап қолға алынған ұжымдық келісім-шартта көрсетілген. Келісім-шартта бірқатар сұрақтарды талқылау мүмкіндігі сипатталған және қызметкерлердің пікірін есепке алу қамтамасыз өтеді.



Қызметкерлерді оқыту және дамыту

ТШО өндірістік кәсіпорын болғандықтан, **қызметкер қауіпсіздігіне және жұмыстардың жарақатсыз және оқиғасыз орындалуына басты назар аударады**, сол себептен ТШО мен мердігер үйимдардың барлық қызметкерлері жұмысқа кіріспес бұрын міндетті түрде қауіпсіздік техникасынан оқудан өтеді.

Жаңа қызметкерлер үшін бейімделу бағдарламасы

ТШО-да бейімделу бағдарламасы бар және ол көсіпорынның барлық жаңа қызметкерлері үшін міндетті талап болып саналады.

Бағдарлама барлық құрылымдық бөлімшелерде бейімделудің бірыңғай процесін қамтамасыз етеді және ол жаңа қызметкер мен оның кураторы/желілік жетекшісі әрекеттерінің кеңейтілген тізімінен тұрады.

Horizons

ТШО-да жас мамандарды жедел дамытуға бағытталған «Horizons» бағдарламасы сәтті жүзеге асуда.

Бағдарламаға жұмысқа қабылданған техникалық ЖОО түлектері, сонымен бірге жалпы жұмыс тәжірибесі бес жылдан аспайтын бірқатар саланың мамандары қатысады. Бағдарлама техникалық оқулардан, тәлімгерліктен, жұмысқа тағайындаудан және бір-бірін толықтыратын және қолдау көрсететін көсіби құзыретті бағалаудан тұратын оқытудың түрлі тәсілдерінен тұрады.

Жұмысшыларды дамыту

Компанияда жұмысшылар үшін төрт мамандандырылған бағдарлама бар: «Операторларды оқытудың ресми бағдарламасы», «Техникалық қызмет көрсету бөлімі қызметкерлерін оқытудың ресми бағдарламасы», «Автоматизация бөлімі қызметкерлерін оқытудың ресми бағдарламасы» және «Электр жүйесін пайдалану бөлімі қызметкерлерін оқытудың ресми бағдарламасы».

Тәлімгерлік бағдарламасы

Көсіпорын 2016 жылдың шілде айында тәлімгерлік бағдарламасын енгізді. Бастама негізінде ТШО-ның анағұрлым тәжірибелі мамандары мен серікtestердің іс-сапарға жіберілген қызметкерлері тәжірибесі аздау қызметкерлерге өз тәжірибелерінен тәлім береді. Аталған бағдарлама үйімда жүзеге асырылатын тәлімгерліктің барлық түрлері мен нысандарын қамтиды.

Бастаманың ерекшелігі сол, мұқият әзірленген машиқтар каталогының, сонымен бірге тәлімгерлердің кеңейтілген деректер базасының нәтижесінде кез келген қызметкер бағдарламаның веб-сайтына кіріп, тәлімгерлермен өзара әрекеттесу түрі мен оқыту тіліндегі жеке қалауы бойынша тәлімгерді жылдам табу мүмкіндігіне ие.



Коммуникативті дағдыларды дамыту

Жоғары білікті қызметкерді дамыту мен қолдау көрсетудегі маңыздыасспектілердің бірі - көшбасшылық қасиеттерді дамыту. Осы ретте, компания үшін қызметкерлердің барлық санаттары үшін көшбасшылық құзырестеңде сипатталған мінез-құлыш стандарттары мен негізгі мақсаттардың болуы өте маңызды.

Қызметкерлердің көшбасшылық құзыреттерін бір ізді дамыту көшбасшылықты дамыту бағдарламасының көмегімен жүзеге асырылады. Бағдарламаның құрылымына қызметкерлердің әрбір санаты үшін арнайы әзірленген жаттықтырулар кіреді.

Ағылшын тілі

Ағылшын тілін менгеру деңгейін арттыру кәсіпорын қызметкерлерін кәсіби дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып қалуда.

Бұл жұмыс орнындағы тиімді қарым-қатынасты сақтау, жергілікті және халықаралық деңгейде бизнес жүргізу үшін өте қажет. Сонымен қатар, ТШО үштілділіктің мемлекеттік стратегиясына және тілдерді дамыту мен қолдану бағдарламасына сәйкес келетін қазақ тілін үйренуге және пайдалануға көп көніл бөледі.

ТШО қызметкерлердің жеке дамуына және кәсіпорынның іскерлік мақсаттарына жетуге мүмкіндік беру үшін оқыту бағдарламаларының ауқымын үнемі кеңейтіп, олардың мазмұнын жетілдіріп отырады. Өз қызметкерлеріне жоғары білім алуға қаржылық көмек көрсету арқылы олардың кәсіби дамуына септігін тигізеді.



Таланттарды басқару процесі

Таланттарды басқару - бұл ТШО-ға біліктілікті бағалау, мақсатты дамыту және білім беру арқылы әлеуеті жоғары қызметкерлерді, таланттарды, болашақ көшбасшылар мен ізбасарларды табуға және дамытуға бағытталған **қазіргі және болашақтағы маңызды құзыреттер мен дағдылар бойынша қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін стратегиялық процесс**.

Таланттарды басқару процесі шеңберінде кәсіпорын қызметтік сабактастықты жоспарлау, кадрларды ұлттандыру, шетелге іс-сапарға жіберу, Қазақстан Республикасының ішіндегі және ТШО бөлімдері арасындағы қызметтік тағайындаулар сияқты бағыттарды қолдайды. 2007 жылдан берішетелдік қызметкерлердің орнын басатын менеджерлер, орта буын және негізгі инженерлік-техникалық лауазымдарға **375** қазақстандық маман тағайындалды.


Халықаралық тәжірибе

ТШО «Шеврон» корпорациясымен бірлесіп, қазақстандық қызметкерлердің халықаралық деңгейде жұмыс тәжіриbesін алуларына мүмкіндік беруге күш салуды жалғастыруда.

Аталған бастама «Шеврон» корпорациясының түрлі бөлімшелеріне шетелдік тағайындау бағдарламасы арқылы жүзеге асырылуда, оның басты мақсаты – **ең талантты қызметкерлердің кәсіби және көшбасшылық дағдыларын дамыту**.

2020 жылдың соңында жұмыс бабымен уақытша шетелге жіберу және Қазақстан Республикасының ішіндегі тағайындаулар бағдарламасы бойынша ТШО-ның 31 қызметкери «Шеврон» корпорациясының түрлі бөлімшелерінде жұмыс істеді.

ТШО-ның шетелдік және Қазақстан ішілік тағайындаулардағы қызметкерлері



Қызметкерлерді ынталандыру

Еңбекақы жүйесі бірлік, әділдік, бәсекеге қабілетті жалақы принциптеріне негізделген және жеке еңбек өнімділігін арттыруға ықпал етеді (қызмет нәтижелері бойынша ақы төлеу).

Қызметкерлерге сыйақы төлеу жүйесі ортақ мақсаттарға жетуге бағытталған, қызметкерлер мен компания жұмысының басты көрсеткіштерімен өзара байланысты, қызметкерлердің жалпы жұмыс тиімділігін арттыруға деген қызығушылығын тудырады, қысқа мерзімді не ұзақ мерзімді сыйақылық тәлемдерден құралады. Сонымен қатар, қызметкерлерге арналған бірқатар қосымша женілдіктер мен тәлемемақылар да қарастырылған, мысалы ақылы әлеуметтік демалыс беру, жылдық еңбек демалысы кезінде сауықтыру жәрдемақысын төлеу және тағы басқа женілдіктер.

Медициналық сақтандыру

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, **ТШО өз қызметкерлерін міндettі медициналық сақтандырумен қамтамасыз етеді.** Қызметкерлер мен олардың отбасыларын ерікті медициналық сақтандыру отандық сақтандыру компаниялары арқылы қамтамасыз етіледі. 2019 жылы сақтандырылғандардың жалпы саны 11 001-ға жетсе, 2020 жылы 11 400 адамнан асып тұсті.

ТШО-да медициналық көмектің кеңейтілген пакеті мен медициналық қызметтерді жеткізу-шілердің кең таңдауына мүмкіндік беретін «Премиум» медициналық сақтандыру бағдарламасы бар.

Салауатты өмір салты және спорттық бағдарламалар

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында **ТШО-ның барлық қызметкерлері** дене шынықтыру-сауықтыру орталықтарының қызметтерін пайдалана алады, оның құнын компания өтейді.

Медициналық қызмет көрсету

Вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлер Тәңіздегі заманауи медициналық құралдар-мен жабдықталған клиника қызметін пайдалана алады. Сондай-ақ, кәсіпорын қызметкерлері мен олардың отбасыларына арналған психологиялық көмек бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда.

Тұрғын үй несиесін беру бағдарламасы

Біраз жылдардан бері баспана сатып алу және тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында пайызсыз несие беру бағдарламасы жүзеге асып келеді.

2019-2020 жылдары 210 тұрғын үй несиесі берілді.

«Еңбек сінірген жылдары үшін марапаттау» бағдарламасы

«Еңбек сінірген жылдары үшін марапаттау» бағдарламасы бойынша жыл сайын кәсіпорында мерейжас еңбек өтіліне қол жеткізген қызметкерлерге (5 жыл немесе одан да көп) сыйлық және ТШО логотипі бар тәсбелі беріледі. 2019 жылы ТШО-ның 560 қызметкері, ал 2020 жылы 444 қызметкері осы бағдарламаға қатысты.

ТШО қызметкерлерінің балаларына арналған «Мирас-Атырау» балабақшасы

2014 жылдан бастап Атырауда тұратын компания қызметкерлерінің балалары үшін ТШО қаражатына салынған «Мирас-Атырау» балабақшасы жұмыс істеуде. Балабақшаның оку бағдарламасы «Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беру қоры» қоғамдық қорының соңғы бағдарламалары мен әдістеріне сәйкес дайындалған.

ТШО қызметкерлері балаларының демалысына жұмсалған шығындарды өтеу

ТШО өз қызметкерлерінің балаларына демалыс кезінде кеткен шығындарды өтейді.

«Жас үрпақ» бағдарламасы

ТШО-ның жоғары білім алуға қолдау көрсету бағдарламасы жыл сайын 100-ден астам грант бөледі. **Бағдарлама ұлттық және шетелдік университеттер мен колledgeдерде оқитын кәсіпорын қызметкерлерінің балаларына қаржылық көмек көрсетуге бағытталған.**

1998 жылдан бері жоғары білім алушыларға 7,221 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. 2019-2020 оку жылында осы бағдарламаға 102 студент қатысты.

ТШО зейнеткерлері

2020 жылдың соңында компанияның бұрынғы 348 қызметкери «ТШО зейнеткери» мәртебесіне ие болды, бұл мәртебе компанияда жұмыс істей жүріп, зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға беріледі.



Корпоративтік мәдениет

ТШО-ның корпоративтік мәдениеті «ТШО-ның сара жолы» негізгі құжатында егжей-тегжейлі сипатталған құндылықтарға негізделген. Компания үшін оның қызметкерлері әртүрлілікті құрметтеуге және ортақтастыққа, серіктестікке, адалдық пен сенімділікке, жоғары нәтижеге жетуге және адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауға ұмытылғаны маңызды, сондықтан қызметкерлердің қызметін жыл сайынғы бағалау аясында олардың нәтижелерге қалай қол жеткізгеніне және жыл бойы қандай мінез-құлық көрсеткеніне баса назар аударылады.

Әртүрлілікті құрметтеу және ортақтастыру

ТШО-да біз өзіміздің көп ұлтты жұмыс ұжымымызды мақтан тұтамыз, мұнда біз өз қызметкерлеріміздің мәдениетінің бірегейлігі мен әртүрлілігін құрметтейміз және олардың жеке таланттарын, идеялары мен қосқан үлестерін бағалаймыз. Әртүрлілікті құрметтеу және ортақтастыру «ТШО-ның сара жолындағы» басты құндылықтар болып табылады және біздің қызметкерлеріміздің әрқайсысы тәжірибе, ұлт, этникалық тиістілік, жыныс, жас, білім және әлеуметтік-экономикалық жағдай, діни және саяси наным-сенім және жеке қасиет алуандығы арқасында едәуір үлес қосады деп санаймыз.

Қызметкерлер қауымдастыры

ТШО-дағы әртүрлілікті құрметтеу және ортақтастыруды қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі қызметкерлер қауымдастырын қолдау болып табылады. XYZ және әйелдер қауымдастықтары біздің қызметкерлерге білім алуға, өзін-өзі дамытуға және тәжірибе алмасуға қосымша мүмкіндіктер ұсынады.

ТШО қызметкерлерінің қауымдастыры «Шеврон» қызметкерлерінің қауымдастыры негізінде құрылды. «Шеврон» корпорациясының XYZ қауымдастыры 2000 жылы құрылды және қазір бүкіл әлемде шамамен 14 000 мүшесі бар. Атырау XYZ қауымдастыры 2013 жылы құрылды, оның құрамына ТШО мен «Шеврон» құбырлар зауыты қызметкерлері кіреді. Бұғынгі күні Атырау бөлімшесі мүшелеңінің саны 700-ден асты.

XYZ қауымдастырының міндеті - әр түрлі жастағы адамдарды біріктіру, саладағы әріптестерімен пікір және тәжірибе алмасу алаңын құру, бизнес-процестерді зерттеу және инновациялық идеяларды ойлап табу. XYZ қауымдастырының Атырау бөлімшесі жыл сайын 30-дан астам түрлі іс-шараларды өткізеді.

2013 жылы WEN әйелдер қауымдастыры құрылып, Атырау мен Тенізде өзін-өзі танытуға, тәжірибе алмасуға, кәсіби дамуға және тәлімгерлікке қолайлы жағдай жасауда. Бұған қоса, әйелдер қауымдастырының мақсаты ер адамдарды әйелдердің жұмыс ортасында кездестіретін қыындықтары туралы хабардар ету болып табылады. Мәселен, 2020 жылы әйелдер қауымдастырының командасы 3000-нан астам қатысушы мен кәсіпорын қызметкерлері үшін 27 онлайн-мастер-класс, вебинар мен кездесу өткізді, ТШО басшылары мен сарапшылары қатысымен 4 подкаст жазды, карантин кезінде әр түрлі жерде орналасқан қызметкерлермен бірігіп, 4 онлайн-концерт өткізді, сондай-ақ қарттар, аз қамтылған отбасылар, балалар орталықтары үшін қайырымдылық шараларын ұйымдастырды және қатысты, әлеуметтік-медициналық мекемелерге көмек ретінде КВИ-ден қорғайтын құралдарды сыйға тартты, сонымен қатар әлеуметтік мекемелер мен университеттердің жасөспірімдері үшін білім беру мастер-класстарын ұйымдастырды.

Атырау қаласы мен Жылой ауданының тұрғындары үшін білім беру семинарлары, вебинарлар мен іс-шаралар, қайырымдылық жобаларынан басқа, WEN әйелдер қауымдастыры подкасттар мен сұхбаттарды жазу арқылы мансап пен өмірдегі жаңа көкжиектерді аштын және қызметкерлердің дамуы мен өсүіне септігін тигізетін бірегей платформа жасап шығарды.

WEN әйелдер қауымдастырының қызметі кәсіпорынның белсенді қызметкерлеріне жеңіл және өнімді қарым-қатынас жасауға, таныстар шеңберін ұлғайтуға, қайырымдылықпен айналысуға, цифровық және техникалық терең білім алуға, бірлесе жұмыс жасауға және көптеген жетістіктерге қол жеткізуға мүмкіндік береді. WEN әйелдер қауымдастырының миссиясы - мүмкіндіктер беру, шабыттандыру және дамыту!

COVID-19 пандемиясы кезінде Қазақстанға

COVID-19 пандемиясы сын сағатта бір-біріне қол ұшын беруге үмтүлған әлемдегі барлық қауымдастықты жұдырықтай жұмылдырды, бұл тұста, Қазақстан да қалыс қалмады. Жарқын мысал ретінде ТШО мен мемлекеттік органдардың серіктестігін, өсіресе, Қазақстанның санитарлық қызметтерінің компаниямымызбен бірлескен жұмысын атап өтуге болады. Қызметкерлеріміздің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау біздің бірінші кезектегі міндетіміз болып қала береді және осы мақсатта біз ПТР сынамасын алу, қарым-қатынаста болған адамдарды іздестіру және оқшаулау орындарын дайындау бойынша бірлескен әрекеттерді үйлестіріп, аймақтық мемлекеттік органдармен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтермен тығыз жұмыс істедік. Осындай өзара қолдаудың арқасында біз ККЖ-ҮЕҚБЖ өндірісін үздіксіз өндіруді және қауіпсіз орындауды жалғастыра алдық.

Уақытша демобилизациялау кезінде

Қазақстанның 17 облысына

**60-тан астам коммерциялық,
рейстер жіберілді,**

ТШО-ның әуе кемелері

297 жолаушы рейстерін

орындауды, сонымен қатар,

23 пойыз бен

190 автобус

елдің барлық аймақтарына
жөнелтілді.



2020 жылдың тамызына қарай ұзақ ауысымда жұмыс істеген қызметкерлерді алмастыруға мүмкіндік беретін ірі ауысым ауыстыру үрдісі жүзеге асырылды. Қыркүйек айында ТШО бизнестің үздіксіз жүруі мен ККЖ-ҮЕҚБЖ жобасының кестеге сай жалғасуын қамтамасыз ету үшін он мындаған қызметкерді қауіпсіз түрде қайта мобилизациялауды бастады.


Көрсетілген көмек

Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аурудың таралуын тежеу мақсатында 2020 жылдың наурызынан маусым айына дейінгі аралықта Тәңізегі 27 000-нан астам қызметкерді сәтті демобилизациялап, үйлеріне тиісті өтемақыларын төлеп қайтардық.



ТШО мердігерлермен бірге қаражат жинау және Тәңіз кен орнына жақын орналасқан Жылдың ауданы орталығы - Құлсары қаласында 200 тәсектік көп салалы медициналық кешен салу бойынша бастамаға басқарушылық етеді.

Сонымен қатар, ТШО Атырау қаласында және Атырау облысында тұратын қызметкерлері мен олардың отбасыларына арнайы медициналық көмек бағдарламасын іске қосты. Жұзденген қызметкер мен олардың отбасы мүшелеріне атальмыш ресурстардың пайдасы тиіді.



Нарықтағы көлеңсіз жағдайлар мен пандемияға қарамастан, біз ел экономикасына айтарлықтай үлес қосып келеміз. Бәріміз үшін қызын кезеңде ТШО ел экономикасына үлес қосуын жалғастыра отырып, дер кезінде алдыңғы шептегі адамдарға қолдау көрсетумен коронавирустық инфекциялармен қареске де ат салысып, өзінің қоғамның ажырамас бөлігі екенін көрсетті. Компания медицина қызметкерлері мен тұрғындардың қажеттіліктері үшін құны **4,5 млрд теңгеден** асатын қаражатқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алып берді.

Атырау облысы қажеттілігі үшін компанияның сатып алғаны:

648 000-ден астам жеке қорғаныс құралдары

56 оттегі концентраторы

252 медициналық жабдық

20 өкпені жасанды жедету аппараты

коронавирустық инфекцияны диагностикалауға арналған 4 ПТР жабдығы

медициналық автокөліктер

пирометрлер

тепловизорлар мен дезинфекторлар

реанимобильдер және жедел жәрдем машиналары

студенттерді репатриациялау және Атырау облысына дәрі-дәрмек жеткізу үшін рейстер үйымдастырылды





Қазақстандық қамту

Қалай ТШО қамтушысы болуға болады?

2 сценарий:



Қамтушыларға қойылатын талаптар**

ТШО пайдаланатын тауарлармен және қызметтермен қамтушылар төмөндегідей талаптарға сай болуы керек:



Қамтушы тарапынан қызығушылық білдіру (SEOI)*

Кәсіпорынмен бизнес жүргізуге мүдделі қамтушылар ТШО-ның сыртқы сайтында: www.tengizchevroil.com SEOI веб-құралы арқылы SEOI веб-формасын жіберіп, өз қызығушылығын білдіруі (SEOI) керек. SEOI веб-құралының көмегімен ТШО және қамтушылар осы платформада байланыса алады, бұның тәмен-дегідей артықшылықтары бар:

- Қамтушылар SEOI веб-формасын жіберу арқылы ТШО-мен жұмыс істеуге қызығушылықтарын білдіре алады
- Қамтушылар ТШО-ның SEOI веб-платформасында құрылған өздерінің SEOI профилін жүргізіп, жаңартта алады

Қазақстандық бизнестің дамуы туралы

Көп жылдар бойы ТШО тауарлар мен қызметтердегі қазақстандық қамтуды (ҚҚ) үнемі ұлғайтып келеді. Қазіргі уақытта материалдардың әр түрін Қазақстан-ның барлық аймақтарынан сатып алады.

ТШО мұнай және газ саласының халықаралық сапа мен қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы және әлеуетті қамтушылармен жұмыс істейді. Жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін қазақстандық нарықтағы тауарлар мен қызметтердің ұдайы жетілдірілуі кәсіпорынның үздіксіз даму стратегиясының іргетасы болып табылады және Қазақстан үшін үлкен құндылық. ТШО өзінің қазақстандық қамту бойынша мақсаттарын орындау үшін тауарлармен, қызметтермен қамтушыларға ұзақ мерзімді мүмкіндіктер жасау керек деп санайды. Осының негізінде кәсіпорын инфрақұрылымға, қазақстандық кадрларды даярлауға және жұмыс орындарын құруға қажетті инвестицияларды тарту арқылы қазақстандық қамтушылардың тұрақты дамуын қолдайды.



**Даниель Жолдыбаев,
отандық нарықты дамыту
бөлімінің директоры:**

Қазақстандық қамтушылардың дамуын қолдау үшін ТШО Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) ТШО/ЕҚДБ қамтушыларды дамыту бағдарламасын іске асыру үшін бірге жұмыс істеп келеді. Бағдарлама әлеуетті қамтушыларға менеджмент жүйелері (ISO), сапа сертификаттары, қаржылық және басқарушылық ақпараттық жүйелер сияқты кең ауқымды қызметтерге қол жетімділікті ұсынады. Бағдарлама 2019 жылы көмек көрсетілген компаниялардың 73%-ы тауар айналымын 66%-ға, ал жұмысшылар санын 32%-ға арттырды. Жылдық айналымның жинақталған өсімі - 35%, жұмыс орындарының ұлғаюы - 20%, бір жұмысшыға шаққандағы еңбек өнімділігінің артуы - 13%, ал тіркелген он бес компанияның екеуі экспорттың ұлғаюы туралы хабарлады.

Қамтушыларды дамыту іс-шаралары

ТШО қазақстандық қамтудың жоғары тиімділігіне келесі тармақтар арқылы қол жеткізеді:



Жергілікті қамтушыларды анықтау, дамыту және пайдалану



Жергілікті нарық мүмкіндіктерін бағалау үшін бөгде ұйымдарды тарту



Тауарлар мен қызметтердің жергілікті көздерін жоспарлау және дамыту үшін негізгі стратегиялық қамтушыларды қолдау



Халықаралық және жергілікті компаниялар арасында бірлескен кәсіпорындар құруды ынталандыру

2020 жылдан бастап біз 26-дан астам өнімді дамытудамыз және осы өнімдер мен қызметтерді ұсынатын 45-тен астам компания бағалаудан өтуде.

Олар төмендегідей, бірақ бұнымен шектелмейді:

- Құрылыш материалдары
- Электр жабдықтары мен кабельдер
- АТ және телекоммуникация жабдықтары мен кабельдері
- Өндірістік жабдықтар
- Жоғары және төмен кернеулі қозғалтқыштарды жөндеу бойынша қызметтер
- Фитинг пен ернемек өндірісі

Қазақстандық қамтуды дамыту картасы

Батыс Қазақстанда жұмыс істесек те, біздің назарымыз бүкіл ел бойынша қамтушыларды дамытуға бағытталған. Ұлттық нарықты дамыту стратегиясы шенберінде кәсіпорын мамандары ТШО-мен бизнес жүргізу үшін бүкіл ел бойынша компанияларды анықтайды, бағалайды және олардың сапасын анықтайды:


Шығыс Қазақстан облысы	жаппалар, жоғары және төмен кернеулі кабельдер
Батыс Қазақстан облысы	техникалық қызмет көрсету, жаппалар, торлар, ернемектер, фитингтер
Атырау облысы	ернемектер, тығыздағыштар, екі бұрандалы болттар, металл құрылымдар, қоршau құрылғылары, авто дәнекерлеу
Павлодар облысы	химикаттар, арматуралық темір, кабельдер мен сымдар
Солтүстік Қазақстан облысы	жылуалмастырыштар, техникалық қызмет көрсету
Қарағанды облысы	жаппалар
Түркістан облысы	сорғылар, резервуарлар, пакеттік қосалқы станциялар, ЖЖАБ сүзгілері

Стратегиялық мердігерлер арқылы ҚҚ-ды дамыту

ТШО шығындарының едәуір бөлігі жергілікті қамтуды дамыту бойынша біздін міндеттемемізді бөлісетін ірі мердігерлер үлесіне тиеді. Сондықтан біз ірі халықаралық қамтушылармен және жергілікті компаниялармен жұмыс күшін ұлттандыру және өндірісті жергіліктендері үшін жұмыс істейміз. Қазіргі уақытта ТШО келесі бағыттарға ерекше көніл бөлуде:

- Техникалық қызмет көрсетеу
- Құрылым материалдарын өндіру
- Химиялық заттарды өндіру
- OEM жабдықтарын жергіліктендері

ТШО-ның ҚР экономикасына қосқан үлесі: 2015-2020 жылдары ТШО-ның облыстар бойынша ҚҚ шығындары 18,5 млрд АҚШ долларынан асты



2020 жылғы жетістіктер

«Карлскrona» ЖШС - су сорғылары

2019 жылы ТШО квалификациясынан өтті.

2020 жылы сорғылар сатып алынып, ТШО-ға жеткізілді.

«Аллианс Би Коммерц» ЖШС - мобильді кеңсе өндірісі

2019 жылы ТШО мамандары компанияны квалификациядан өткізді.

2020 жылы компания мобильді кеңсе жасап, ТШО-ға жеткізіді.

«EDIL – ORAL.kz» ЖШС – жоғары вольтты қозғалтқыштарды жөндеу бойынша қызмет көрсету орталығы

2019 жылы ТШО мамандары компанияны квалификациядан өткізді.

2020 жылы жоғары вольтты қозғалтқышты жөндеуге сынақ тапсырысы берілді.

«АРТС Атырау» ЖШС – Жергілікті ЖЖАБ өндірушісі

2019 жылы ТШО-ның профильді сарапшылары «АРТС»-тың өндіріс орындарына барды.


2019 жылы «АРТС» ЖШС ЖЖАБ жүйелерін жаңарту жобасы бойынша тендерді жеңіп алды.

2020 жылы ЖЖАБ жүйелерін жаңарту жұмыстары жүргізілді.

ОЕМ-ді жергіліктендіру

Қазақстандық қамтуды дамытудың біраз әлеуеті ірі мердігерлер мен қамтушыларға байланысты. Кәсіпорын аталған компаниялармен ұзақ мерзімді стратегиялық қатынастар орнатады, өйткені олар біздің құндылықтарымызға ортақ, оның бірі жергілікті қамтуды дамыту болып табылады. Осы мақсатта қамтушы мен біздің кәсіпорын бірлесіп қазақстандық қамтуды дамыту жоспарын құрады, ол инвестицияны, жұмысшыларды жалдауды, оқытуды және жергілікті қамтуды арттыру үшін сатып алуды қамтиды. Кейіннен ТШО көрсетілген мақсаттарға жету және қажет болған жағдайда түзету шараларын қолдану үшін келісім-шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде қамтушының жұмысын қадағалайды. **Соған қоса, ТШО бірқатар бастамаларды іске асыру арқылы қазақстандық қамтуды арттыру үшін ұзақ мерзімге келісім-шартқа отырған мердігерлерді ынталандырады.**


**ТШО-да ҚҚ жоспарлау: Стратегиялық жеткізушілердің инвестициялары
ТШО ұзақ мерзімді қамтушыларды қазақстандық тауарлар мен қызметтерді дамытуға шақырады**



2020 жылы Baker Hughes химикаттардың төрт түрін жергілікті өндіруші Топанмен серіктестікте араластыра бастады, 2021 жылы химикаттардың тағы бірнеше түрі жергіліктендеріледі. Cameron Тенізде клапандарға қызмет көрсету және жөндеу нысанының құрылышын аяқтады.

Әлеуетті қамтушыларды іздеу

ТШО жергілікті бизнес қауымдастық өкілдерінің қатысуымен кәсіпорынның тиісті тауарлар мен қызметтерге деген болашақ стратегиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әр түрлі салаларда серіктестік мүмкіндіктерін іздеу мақсатында форумдар, семинарлар өткізеді. Техникалық сипаттамалармен және талаптармен бөліседі, ТШО бөлімдерінің өкілдерімен, техникалық сарапшылармен дәңгелек үстелдер үйымдастырады. Жергілікті кәсіпкерлерге арнап, тауарлар мен қызметтерге өткізілетін алдағы тендерлерді қамтитын келісім-шарт жоспары ТШО-ның сыртқы веб-сайтында жарияланады.



European Bank
for Reconstruction and Development

Бағдарлама
нәтижелерінің қысқаша
мазмұны
(2015-2020 жж.)

жергілікті
кеңесшілермен бірге

30 жоба

халықаралық
кеңесшілермен бірге

8 жоба

8
тренинг және
мастер-класс

3
вебинар

2
онлайн-курс

400-ден
астам қатысуышы
окудан өтті

15
жергілікті кеңесші
окудан өтіп, ХЕҰ-дың
EOSH жаттықтырушысы
сертификатын алды

Қамтушылардың әлеуетін арттыру бойынша ТШО мен Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) бірлескен бағдарламасы

ТШО қамтушылардың әлеуетін дамыту үшін Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) демеушілік келісімді қолдайды.

Бағдарлама іске қосылғаннан бері ЕҚДБ тобы кеңесшілік жобаларды құру, жүзеге асыру және аяқтау бойынша белсенді жұмыс істеп келеді. 2020 жылы 5 жергілікті және 1 халықаралық кеңесшілік жоба іске қосылды. Бұл бағдарламалар қаржыға қол жетімділік, шығындарды төмендету, сапаны басқару және қауіпсіздік сияқты салаларды қамтыды. Сонымен қатар, жергілікті компаниялардың 200-ден астам өкілі жобаларды басқару, мұнай-газ секторына кіріспе және бизнес-процестерді модельдеу мен жүзеге асыру сияқты бағыттар бойынша оқудан өтті.

2020 жылы ЕҚДБ ТШО-ның мердігер үйымдары үшін онлайн-тренинг үйымдастырып, өткізді:

- «Қалдықтарды басқару және қайта өндіру» - 89 қатысуышы тіркелді, 67 қатысуышы сәтті аяқтады
- «Қауіпсіздік мәдениеті негіздері» - 60 қатысуышы тіркелді, 43 қатысуышы сәтті аяқтады
- «Әйелдердің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту», вебинарлар сериясы – вебинарлардың әр сериясына 17 әйел қатысты
- Дағдарысқа қарсы вебинарлар - Сатып аулар мен қорларды басқару, Қаржы және өтімділік, Адам ресурстарын басқару және сақтап қалу





КЕЛЕШЕК КЕҢЕЮ ЖОБАСЫ -
ҰҢҒЫМА ЕРНЕУІНДЕГІ ҚЫСЫМДЫ
БАСҚАРУ ЖОБАСЫ



Н-41

Келешек кеңею жобасы - Ұнғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ-ҰЕҚБЖ)

ККЖ-ҰЕҚБЖ - ағынды ұнғымалардың сағалық қысымының төмендету және күрделі технологиялық желілердің кірісіндегі қысымды арттыру арқылы қолданыстағы зауыттардың өңдеу қуаттарын толықтай қамтамасыз етуге қабілетті Тәніз кен орнындағы өндірісті кеңейтудің келесі кезеңі.

Осы жобаны іске асыру мындаған қазақстандықтарды жұмыспен қамтамасыз етуге, адами капиталдың біліктілігін арттыруға және Қазақстанға ең жаңа технологиялардың трансферін ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Қазақстандағы ERSAl өндірістік алаңында құрама модульдік эстакадаларды (ҚМЭ) және Италияның Авенза қаласындағы бес газ-турбиналық генераторларды (ГТГ) жасау бойынша жұмыстар 2019 жылы аяқталды. Ал, 2020 жылдың 3-ші тоқсаны соңында Оңтүстік Кореядагы өндіріс орындарында модульдерді шығару бойынша жұмыстар аяқталған болатын. Барлық 81 модуль қауіпсіз және уақытында Тәніз кен орнына жеткізілді. Жобаны дамытудағы бұл маңызды кезең тәніз арқылы жүк тасымалдаудың үш жылдық бағдарламасының сәтті аяқталғанын көрсетеді, оның ішінде 408 ірі модульдік жүкті халықаралық орындардан Қазақстанға тәніз арқылы жеткізу бар. Қазір барлық модульдер нысандарда орналасқан, бұл ККЖ-ҰЕҚБЖ-на Тәнізде модульдерді құрастыру және салу жұмыстарын жалғастыруға мүмкіндік береді.

ТШО-ның болашақ өндірістік қызметінің орталық торабына айналатын өндірісті басқару біріккен орталығының (ӨББО) құрылышы бойынша жұмыстар жалғасуда. ӨББО бойынша жобалау жұмыстарының көлемі 100%-ға аяқталды, және ӨББО-ның барлық жиынтық жабдықтары Тәнізге жеткізілді.





2020 жылдың аяғында
жобаның орындалу қарқыны

80%-ға
жетті



Тұтастай алғанда
инженерлік-техникалық жобалдау

98%-ға
орындалды



Жалпы сатып алу
барысының көрсеткіші

99%-ға
тең





Қазақстандық қамту

ТШО мүмкіндігінше барлық жобалар мен жұмыстарға қазақстандық инжинириングтік компанияларды, жобалау институттарын, қамтушыларды, өндірушілерді, құрылыс мердігерлері мен еңбек ресурстарын іске қоса отырып, жергілікті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді тартуға белсенді түрде ықпал етіп, мүмкіндіктерді іздестіреді. Осы тапсырманы орындау үшін Тәніз бер Атырауда орналасқан ККЖ-ҰҚБЖ өкілдері қазақстандық қамту тобын (ҚҚ) құрды.

Екі жыл ішінде ТШО тек ККЖ- ҰҚБЖ шеңберінде қазақстандық қамтушылардан 8.1 млрд АҚШ доллары көлемінде тауарлар мен қызметтерді сатып алды.

Жоба, бірлескен кәсіпорындарды құрумен, отандық және шетелдік компаниялардың қатысуымен серіктестіктерді құруға жәрдем беру арқылы, сондай-ақ жұмыс орындарын құрумен, көптеген отандық мамандарды даярлаумен, кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасын дамытуға және технологиялардың тапсырылуына ерекше көніл бөле отырып, жаңа мүмкіндіктерді жасауды жалғастыруда.

Оқыту және біліктілікті арттыру

Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімдіктері және «Тәнізшевройл» ЖШС-і арасында жасалған келісімдерді іске асыру шеңберінде еңбек нарығында ең сұранысқа ие мамандықтарды алу үшін облыстың жұмыссыз тұрғындарын оқыту және қайта даярлау жалғасуда. Жалпы осы бағдарлама бойынша жыл сайын 900 адамды оқыту жоспарлануда. Атырау және Маңғыстау облыстарының жұмыссыз тұрғындарын оқыту Ақтау мен Атырау қалаларындағы оқу орталықтарының базасында үйімдастырылған. Оқу курсының ұзақтығы бейіндік пәнге байланысты 2 айдан 3 айға дейін созылады.

Оқу бағдарламасының курсына ККЖ-ҰҚБЖ кәсіптік-техникалық оқыту тобының өкілдері қатысатын білім мен біліктілікті бағалау кіреді. Осы бағдарлама аясында оқуды ойдағыдай аяқтағандар бекітілген үлгідегі жеке сертификаттарды ала отырып, болашақта Қазақстан Республикасында да, шетелде де жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады. Бағдарламаның көптеген тұлектері өздігінен жұмыс тапқанын немесе алған дағдылары мен білімдеріне сүйеніп, өз бизнестерін ашқанын атап өткен жөн.

Бүгінгі таңда бағдарлама тұлектерінің 77%-ы жұмыспен қамтылған.



Цифрландыру

Цифрландыру



“

Біздің цифрландыру саласындағы жұмысымыз Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасына бағытталған және цифрлық талантты дамыту және қалыптастыру арқылы Қазақстандағы цифрлық мүмкіндіктерді қолдауға арналған. ТШО-ның «әлемдегі ең қауіпсіз, тиімді және табысты мұнай-газ компаниясы» болуға деген көзқарасын жүзеге асыру үшін, біз цифрлық жобаларды іске асырудың жоғары деңгейін ұстап, цифрлық мәдениетті дамытуды жалғастыруымыз керек.

Бауыржан Қасенов, ТШО-ның цифрландыру жөніндегі чемпионы

Кәсіпорын 2019 жылы қауіпсіздікті, қауіп-қатерлерді басқаруды жақсарту және жұмыс процестерінің тиімділігін арттыру үшін, цифрлық шешімдерді дайындау арқылы күрделі бизнес мәселелерді шешуге кірісті. Цифрлық трансформация өзгерістерге әкелді, ол кеңседен бастап, кен орнын пайдалану жұмысына дейінгі әр түрлі процестерді қамтыды.

ТШО-ның нақты уақыттағы қызметкер қауіпсіздігі бойынша пилоттық бағдарламасы ауқымды Тәңіз кен орнының өндірістік және кеңсе ғимараттарындағы әріптестеріміздің қауіпсіздігін жақсарту үшін, женілдетілген, автоматтандырылған және стандартталған процесті ұсынды. Бағдарлама шенберінде ахуалды хабардар ету арқылы жеке қауіпсіздікті арттыру үшін шамамен 350 сымсыз сенсор қолданылды. Қазір пост-пилоттық тексеру үшін осы бағдарламаға көшіп, болашақта оның өндірісте болуын асыға күтудеміз.

ТШО-ның қатар жүргізілетін жұмыстарын көрсету мен талдау жобасы жоспарлау қайшылықтарын дер кезінде анықтауға, қауіп-қатерлерді болдырмау шараларын бақылауға, болашақ даалалық жұмыстардың көп мөлшерін бағалауға және өндіріс шығындарын азайтуға мүмкіндік берді.

Шешімдерді талдау тобы басқа департаменттермен бірлесіп, **ТШО-ның іскери жағдайын бағалау үшін жұмыс процесінің кешенді интеграциясын жасауға** мүмкіндік беретін минималды өміршең өнімді (МӨӨ) енгізді, бұл өз кезегінде шешім қабылдауды жеделдетуге және активтердің құнын арттыруға қол жеткізді.

Қойманың материалдық қорларын толтыру құралы кәсіпорын ұжымының мүшелеріне қоймалардағы материалдық қорлардың деңгейіне талдау жасау үшін кеңейтілген мәліметтер мен мүмкіндіктер ұсынады. Ақпаратты қолмен енгізу процестері және көптеген электрондық кестелерді пайдалану, басымдылықтарды орын-орнына қою мен материалдық қорларды толықтыру уақытын реттеу арқылы, тапсырыстарды талдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін біріктірілген шешіммен ауыстырылды. Бұл біздің әріптестерімізге материалдық қорлардың қажеттіліктерін ерте анықтау арқылы өндіріс сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Шеврон командаларымен бірлесе отырып, біз **құрастыру мен құралдарды басқаруды жақсарту процесі бойынша шешімдер** шығардық. Мәліметтерді миграциялау және жаңа веб-интерфейс ұжымға өндірістік айналым уақытын қысқартса отырып, ККЖ-дағы үлкен көлемді өзгерістерді тиімді өңдеуге және нәтижелердің дәлдігін арттыруға жол ашылды.

ТШО-ның нақты деректерді оңтайландыру бағдарламасын (НДОБ) қолдана отырып, біз нақты уақыттағы деректерді визуалдау үшін, барлық кәсіпшілік нысандарынан деректерді ұсынатын талдау және бақылау экрандары желісін жасадық. Аталған шешім 2019 жылы жоба тобынан оператор функциясының барлық активтер деректерінің негізгі өндіріске табыстаудың жеңілдетуге көмектесті.


Автоматтандырылған технологиялық процесстерді басқару (АТПБ) қосымшаларында, ауа райының маусымдық өзгеруі немесе технологиялық процестердің өзгеруі сияқты ауыспалы процестерді қосқанда, нақты уақыт режимінде қолданыстағы зауыттарымыздың технологиялық процестің белгілі бір параметрлер жиынтығын өзірлеу үшін, деректерді талдау және модельдеу сияқты цифрлық әдістерді қолданады. АТПБ тиімділігі өндіріс көлемінің жылына шамамен 4,8 миллион баррельге артуымен расталады.

Компания үшін 2020 жылы болған коронавирустық пандемия маңызды сынақ болды. Дағдарысты басқару тобына көмек ретінде цифрлық шешімдер жасалды:

- **Tengiz Pass қосымшасы** арқылы әкімдік жаңындағы жедел штаб өкілдеріне ТШО-дан тыс компаниялар үшін ауысымға сұраныстарды қабылдауға және мақұлдауға; кіру орындарында жеке тұлғаны куәландыратын құжаттарды электронды сканерлеуді жүзеге асыруға; ауысым мен әкімдікке қарайтын жедел штабтың мәліметтер базасына сәйкес Тәнізде адамдардың болуын нақты уақыт тәртібінде жүргізуге мүмкіндік туды.
- **ПТР сынаамасының реестрі жасалды** – бұл, ПТР сынаамасын өткізу үшін сұраныстар жіберуге, кен орынында ПТР үлгілерін жинауға және басқа зертханалармен автоматты түрде мәліметтер алмасуға арналған интеграцияланған веб-жүйе; оң нәтиже болған жағдайда, байланыстарды қадағалауға арналған мәліметтерді генерациялау алгоритмдері іске қосылады.
- ТШО-ға коронавирус пандемиясын женуге көмектескен басқа да көптеген шешімдер болды.



Біз үкіметпен бірге жұмыс процесстерімізге арналған цифрлық бастамаларды жүзеге асыру үшін белсенді түрде қызмет істеп келеміз. ТШО қызметкерлері мемлекеттік порталдармен жұмыс істеу үшін электронды цифрлық қолтаңбаларды белсенді қолданады. Мәселен, біз жұмыс аяқталғандығы туралы электронды акті мен электронды шот-фактуралы мемлекеттік порталдың көмегімен енгіздік. Бұл құжаттарды өңдеу уақытын едәуір қысқартуға көмектеседі. Сондай-ақ, тауарлардың ілеспе жүккүжаттары мен виртуалды қойманы негізінде үкіметтің келесі бастамасы бойынша жұмыс істеудеміз. Аталаң инновациялардың барлығы ТШО-ға өзінің жұмыс процестерін жақсы орындауға көмектеседі және біз үкіметпен осы бағытта жұмыс істеуді жалғастыра береміз.




2020 жылдың цифрлық трансформацияны жеделдете отырып, жобаларды дамыту үшін, ТШОның көптеген бөлімдерін қостық. Өндірістік технологиялар тобы ақпараттық бөліммен бірге жылу алмастырыштардың жұмысын нақты уақыт тәртібінде талдауға мүмкіндік беретін құрал жасап шығарды. Бұл жабдықтарға қызмет көрсету процестерін едәуір жақсартады. Техникалық қызмет көрсету тобының тағы бір жобасы бүкіл цикл бойынша өндірістік жұмыстардың барысы туралы нақты деректерді алуға мүмкіндік береді: жұмысқа сұраныс жасау, жұмыс істеуге рұқсатнама қағаздарын дайындау, жұмысты орындау және жұмыс сұранысын жабу. Бұл жұмыстарды көптеген жылдарға алдын ала жоспарлауға көмектеседі.

Сәтті цифрлық трансформацияның маңызды кілті ұйымдағы жоғары цифрлық мәдениет және компанияның барлық қызметкерлерінің цифрандыруды жеткілікті түсінуі болып табылады. Бұл барлық әріптестердің жұмысқа қатысты тапсырмаларды шешүге қатыстыруға мүмкіндік береді. Біз ТШО-дан тыс цифрандыру туралы және компания ішінде қандай цифрлық жобалар жүзеге асырылатыны туралы сұхбат жүргізетін қонақтардың қатысуымен іс-шаралар өткіземіз.



**Жергілікті қоғамға
инвестиция**



Әлеуметтік бағдарламалар





ТШО-ның бүкіл тарихында әлеуметтік инвестициялар компаниямымыздың тұрақты дамуының бөлігі және аймақтағы іскерлік этиканың негізі болды. Біз бизнестің оңды дамуы оныңөзі орналасқан қоғамдастықпен онтайлы қатынасы жағдайында ғана мүмкін болатыннаға сенімдіміз. Екі жыл ішінде қоғамды әлеуметтік тұрғыда қолдау үшін «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылымдық даму бағдарламасына 50 млн АҚШ доллары, ал ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ететін қосымша әлеуметтік жобаларға тәғы 4,2 млн АҚШ доллары жұмсалды.

**Рзабек Артығалиев,
үкіметпен және жұртшылықпен
байланыс жөніндегі бас менеджер**



Атырау облысының қоғамдастықтарын инвестициялау шаралары екі бағдарлама арқылы жүзеге асырылады: «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы және әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы (ӘИБ). «Игілік» бағдарламасы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салуға бағытталған (балабақшалар, мектептер, саябақтар және т.б.), ал ӘИБ стратегиялық маңызды тақырыптық бағыттарда ұзақ мерзімді әлеуетті құруды қолдайды. ӘИБ-ның негізгі мақсаттары: экономикалық дамуды ынталандыру; білім беру мен оқыту мүмкіндіктерінің қол жетімділігі мен сапасы және, әрине, тұрғындардың денсаулығы.

«Игілік» бағдарламасының жобалар тізімі, 2019-2020 жж.



Құрылыш барысында

Аяқталған жобалар

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы

Атырау облысы:

Атырау қаласы
Құлсары қаласы (Жылдың ауданы)
Еркінқала
Миялды (Қызылқоға)
Құрманғазы (Құрманғазы)
Индербор (Индер ауданы)

Маңғыстау облысы:

Ақтау қаласы
Форт-Шевченко қаласы
Құрық (Қарақиян ауданы)
Баутино (Тұпқараған ауданы)
Боранқұл (Бейнеу ауданы)

Осы екі жыл Маңғыстау облысындағы әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде 13 жобаның толықтай жүзеге асуымен есте қалды. Жергілікті YEF мен қарапайым тұрғындар жобаларды іске асыруға белсene қатысты, біз қоғамда түсіністік пен барлық он бастамаларға қолдау таптық.

2019-2020 жылдардағы ӘИБ Жобалары

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылатын жобалар ТШОның алдында тұрған мақсаттарға сай : Қазақстан Республикасына, Атырау және Маңғыстау облыстарына пайда келтіру. Әр жобадағы басты құндылық – адам.



Жоба	Жұмыстардың басталған жылы	Жобаның аяқталған жылы
Құрсадай өзенін тазарту және Құлсары қаласының жағалауын көркейту жобасы		2019
Майқемген ауылындағы 100 орындық балабақша		2019
Бедене ауылындағы 200 адамға арналған қоғамдық орталық		2019
Есбол ауылындағы 300 адамға арналған қоғамдық орталық		2019
Майқемген ауылындағы сауықтыру орталығы		2019
Доссор ауылындағы 280 орындық балабақша		2020
Атырау энергетика және құрлылық колледжі студенттеріне арналған 100 орындық жатақхана		2020
Атыраудағы Тұтұғыр		2020
Құлсары қаласындағы Құрсадай өзенін тазарту жобасы бойынша қосынша жұмыстар		2020
Водников ауылындағы 280 орындық балабақша	2020	
Ракуша ауылындағы 280 орындық балабақша	2020	
Құлсары қаласындағы 580 орындық мектеп	2020	
Құлсары қаласындағы 75 төсектік аурухана	2020	
Құлсары қаласындағы 200 орындық аурухана	2020	

Халықтың денсаулығын жақсарту

Жылдың ауданында денсаулық сақтауды дамыту. Қазақстанның отбасылық дәрігерлер қауымдастыры (ҚОДҚ). Дәрігерлер мен медбикелердің үздіксіз білім алудың және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалды. Науқастарға және халыққа денсаулық пен денсаулық сақтау жүйесі туралы көбірек ақпарат алуға мүмкіндік кеңейді. Сондай-ақ, мектеп оқушыларына салауатты әдеттерді қалыптастыру бойынша мамандандырылған сабактар өткізілді. Маңыздысы, науқастарға кеңес беру құпиялығының Қазақстан үшін жаңа стандарты «бір медициналық қызметкер - кеңедегі бір науқас» кезең-кезеңімен енгізілуде.

Маңғыстау облысында медициналық көмектің сапасы мен жағдайын жақсарту, халықтың өз денсаулығын сақтауға қызығушылығын және қатысувын арттыру. Қазақстанның отбасылық дәрігерлер қауымдастыры (ҚОДҚ).

Қарақиян ауданы, Тұпқараған ауданының Баутино ауылы, Бейнеу ауданының Боранқұл ауылы тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді оңтайландыру және жергілікті әкімдікпен, медициналық қызметкерлермен және мұдделі тараптармен бірлесіп халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету топтарының жұмыс жағдайларын жақсарту; аудандардағы медициналық қызметкерлерді оқыту және клиникалық білімдер мен дағдылар бойынша бірлескен жұмыс, пациенттермен қарым-қатынас жасау барысында және қызметкерлер арасында туындастын қажеттіліктерге сәйкес, ҚОДҚ мамандарының көмегімен кәсіби қолдау көрсету; жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті, репродуктивті және психикалық денсаулық сияқты денсаулыққа қауіп тәндіретін зияндар туралы Қарақиян ауданының тұрғындарына, әсіресе мектеп оқушыларына ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Медицина қызметкерлерінің жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығы бойынша біліктілігін арттыру. «Акбебек» ҮЕҰ-мы гинекологтарды жасөспірімдік кезеңнің клиникалық және психоәлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, медициналық көмек көрсету дағдыларына үйретті, сонымен қатар мектептерде жұмыс істейтін медбикелерге жасөспірімдер арасындағы репродуктивті денсаулық негіздерін түсіндіру бойынша, білімдер мен дағдыларды оқыту бағдарламасын ұсынды. Бағдарлама шенберінде медициналық қызметкерлердің жасөспірімдерге кеңес беруіне арналған нұсқаулық шығарылды.

Медициналық оқалту қызметтерін көрсету әлеуетін арттыру. «БолашақК» қоғамдық қоры медициналық оқалту (кинезиотерапия, физиотерапиялық жаттығулар, массаж, кинестетика), педагогикалық және әлеуметтік түзету (дефектология, эрготерапия, логопедия, психология) бойынша кадрларды даярлау және қайта даярлау оқу орталығын ашты. Нәтижесінде мамандарды, науқастардың ата-аналары мен туыстарын заманауи оқалту шараларына үйрету арқылы Атырау облысының тұрғындары үшін осындағы қызметтердің қол жетімділігі мен сапасын жақсартуға қол жеткізілді.



«Адамдар-адамдарға» денсаулық сақтау қоры туберкулездің алдын алу бойынша шаралар өткізді. Денсаулық сақтау қоры жобаға кең саяси және ұйымдастыруышылық қолдау көрсетті, сонымен қатар туберкулездің алдын-алуда балалар мен жасөспірімдерді жан-жақты қамтуды қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау жүйесі шеңберінде мектепке дейінгі білім беру мен білім берудегі кадрлық әлеуетті күшетті.



Ақтау қаласында **"Әркениетті келешек" қоғамдық қоры** ерекше балаларға арнап ашылған оңалту орталығына қолдау білдірді. Ол жерде йога, жүзі бассейні және емге қажетті түрлі жабдықтар бар. Ал білікті мамандар соңғы үлгідегі инновациялық құралдарды қолдана отырып балаларға ем-дом жасайды. Жоба аясында семинарлар өткізіліп, балалар мен ата-аналарға орталықтың жұмысы таныстырылды. 120-дан астам бала оңалту курстарынан өтті.

«Шағын ел» әлеуметтік ауылды - бұл ауыл өмірі - жылқы, ешкі, қой мен тауықтары бар ферма, баубақшасы, шығармашылық шеберханамен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім беру сыныптары. Ауылшаруашылық техникалары сатып алынды («Беларусь» тракторы, шәп шабатын жабдық, жинағыш және басқа да механизмдер), осының арқасында мекеме шөптің өзіндік өндірісін бастады.




Адам капиталының дамуы

Британдық Кеңестен «Ағылшын тілімен сәттілікке қарай» жобасы. Маңғыстау облысының елді мекендеріндегі ағылшын тілі мен базалық пән мұғалімдері өлеуетінің дамуы аймақтардағы жастардың болашақта табысты болуына мүмкіндік береді. Жоба аясында, мұғалімдер пәндіктілдік интеграцияланған оқыту және ғылыми терминологияны ағылшын тілінде практикалық ғылыми тәжірибелер жасау арқылы тәжірибе алды, оны жаңа оқу жылында студенттерімен бетпе-бет немесе онлайн-оқыту курстарында қолдана алады. Қашықтықтан оқыту мұғалімдеріне, аймақтағы көптеген мектептер мен оқушыларға пайда алып келетін, өршіл, ауқымды және жаңашыл бастамалар арқылы қолдау көрсетілді.



«Ынтымақ» жобасы ТШО еріктілерін тарту арқылы Атырау облысының балалар үйлерінде, жоғары және орта оқу орындарында білім берудің қол жетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған білім беру және қайырымдылық шараларын жүзеге асырады. Ынтымақ қоғамдастығының еріктілері Атырау облысының жастары үшін ағылшын тілі клубтарын, қонақ дәрістерін және көптеген курстар үйімдастыруды. Жыл сайын «Ынтымақ» еріктілері Жайық өзеніндегі шабактарды құтқарады, ағаш отырғыза-ды, экологиялық жобаларға белсенді қатысады. «Ынтымақ» жобасының бенефициарларының қатарында «Шаңырақ» балалар үйінің, жастар үйінің, бейімделу орталығының балалары мен жасөспірімдері, Атырамен Құлсары қалаларындағы білім беру орындарының студенттері, сондай-ақ қарттар мен мүтедектер үйінде тұратын қарт адамдар бар.

Академик З.Қабдолов атындағы «Q@Z@QSH@S@IR@!» жеке қоры жобаны жүзеге асыруды жағластыруды, оның мақсаты аудиторияны қамту және инновациялық технологияларды қолдана отырып, қазақ тілін үйренуді кеңінен насихаттау. Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай үйімдастырылған шарада ақын шығармаларын орыс тіліне аудару арқылы шығармаларымен бенефициарлерді таныстыру бойынша жұмыстар жүргізілді; сондай-ақ, [Қазақша Сайра! \(kabdolov.kz\)](http://kabdolov.kz) сайтының мазмұнын өндіру және сайтының «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Оқу материалдары», «Поэзия және музыка», «Қазақ халқының мақал-мәтедері», «Электрондық кітаптар», «Бейне подкасттар», «Деректі фильмдер» айдарларын жаңа материалдармен толтыру бойынша іс-шаралар өткізілді.



«Жастар жетістіктері» ҚҚ үйымдастырған «Болашақта бағдар» жобасы Ақтау қаласындағы 25 мектепте және Бейнеу ауданы Боранқұл ауылындағы 3 мектепте «Кәсіби бағдар», «Кәсіби біліктілігін өзі анықтау» кешенді бағдарламаларын іске асыруға өз үлесін қости. Кәсіби бағдар берудің коммуникативті әдістері саласында пән мұғалімдерін оқыту және біліктілігін арттыру жүзеге асырылды, оларға тиісті тәжірибе жинауға мүмкіндік берілді.

«Жастар жетістіктері» қоғамдық қоры үйымдастырған «ЖАСАР» жастар көшбасшылық мектебі көшбасшылық қасиеттер мен үйымдастырушылық қабілеттерді дамытуға, сондай-ақ Ақтауда жастар мен жасөспірімдердің «Жұмысқ дағдыларын» қалыптастыруға баса назар аударды. Жастар көшбасшылығы мектебін құру арқылы олар 15-21 жас аралығындағы жастарды көшбасшылық қабілеттерін дамытуға ынталандырды. Жоба қатысушылары «Байланыс дағдылары», «Көшбасшылық», «Идеядан жобаға», «Команда құру», «Жұмыс уақытын үйымдастыру», «Қол жетімді байланыс», «Тайм-менеджмент» курстарын аяқтады.

«Періште» оңалту-дамыту орталығы. «Шаңырақ» қоғамдық қоры қолөнерді дамыту, STEM, арт-терапия, денсаулықты жақсарту және құм терапия үйірмелерінде балалардың ұсақ моторикасын дамыту бойынша жұмыстар жүргізді, сонымен қатар мектептен бос уақытында балалардың қолөнер терапиясына деген құлышынысина әсер ету арқылы мұғалімдердің білімін жетілдіріп, мүмкіндігі шектеулі балаларды және олардың ата-аналарын «Періште» орталығында қолөнерге үйретti.



«Баланың болашағы біздің қолымызда!»
«Шаңырақ» қоғамдық қоры «Өркениетті келешек» қоғамдық қорымен бірлесе отырып, сабактан тыс уақытта қолөнер терапия әдісімен балалардың ынтасына әсер ету және мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың ата-аналарын «Періште» орталығында қолөнерге үйрету арқылы қолөнерді дамыту, STEM, арт-терапия, денсаулықты жақсарту және құм терапия үйірмелерінде ұсақ моториканы дамыту, мұғалімдердің білімін жетілдіру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, 25 аула клубтарының оқытушылары мен технология мұғалімдеріне арналған шеберлік сынныптары өткізілді.

Экономикалық дамуды ынталандыру



Орталық Азияның Еуразия қоры (ОАЕК) жүзеге асырған «Жарқыра» әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы. Жобаның міндеті - инновациялық әлеуметтік бастамаларды және Атырау мен Маңғыстау облыстарының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық проблемаларын тұрақты кәсіпкерлік шешімдермен қолдау. «Жарқыра» бағдарламасы БК-ді қолдаудың бүкіл циклін қарастырады: сұраныстарды іріктеу, оқыту, жобаларды қаржыландыруға бағытталған конкурсы және кеңес алу.

Ақтау қаласынан, Боранқұл, Баутино және Құрық ауылдарынан мүмкіндігі шектеулі әйелдерге арналған әлеуметтік жоба. «Ұрпақ Next» қоғамдық қоры 18-ден 45 жасқа дейінгі мүгедек қыздар мен әйелдерге жаңа технологиялар бойынша тігін, тоқыма, кәдесыйлар жасау (кесте тігу, құрастыру, дизайн жасау, құрақ тігу) бойынша оқуларап үйымдастырып, сонымен қатар кондитерлік өнімдерді жасау дағдыларына үйретті. Бенефициарлар бұған қоса, бизнес жүргізу және өз кәсіпорнын құру негіздері бойынша білім алды.

«Жастар жетістіктері» ҚҚ жүзеге асырған **«Әйелдерге арналған үй бизнесі»** жобасы Ақтау қаласының, Баутино, Боранқұл және Құрық ауылдарының әйелдеріне үйде шағын бизнес жүргізу, сапалы өнім шығарып, оны нарыққа шығару, бәсекелестік пен серіктестікті дамытудағы мүмкіндіктер, бизнесті дамыту үшін қаражат тарту, көшбасшылықты дамыту сияқты дағдыларды үйренуге мүмкіндік берді. Жоба аясында «Сүт және сүт өнімдері», «Жұн өнімдерін өндірудің жаңа технологиялары», «Тігін бұйымдарын өндірудің жаңа технологиялары», «Шағын участкілерде орналасқан жылышайларда жиадектер, көкөністер, саңырауқұлақтар өсіру», «Балық өнімдері» тақырыптарында бірнеше шеберлік кластар өткізілді

Атырауда топырақты, суды және өсімдіктерді сыйнау үшін зертхана құру (SWAPTEL). ҚҚ Ғылыми бастамаларды қолдау орталығы Атырау облысының сүйна, топырағына, өсімдіктеріне инновациялық зерттеулер жүргізу жұмыстарын үйымдастырды, бұл мемлекетке аймақтағы экологиялық ахуалды білуге, сондай-ақ жергілікті климат жағдайында топырақ пен дақылдарды зерттеу арқылы аймақтағы ауыл шаруашылығын дамытуға көмектеседі.



«Баршаға арналған психология» – бұл «Қазақстанның тәуелсіз үрпағы» атты халықаралық қоғамдық үйімінің жобасы, оның мақсаты психологиялық ата-аналық құзыреттілікті арттыру және қоғам үшін болашақ көсіпқой мамандардың әлеуетін дамыту болып табылады. Мамандар балалардың бойында өзін-өзі және психо-эмоционалдық жағдайларын түсінуін қалыптастырады, және де ата-аналарға балаларды қоғамның болашақ көсіпқой мамандары ретінде тәрбиелеудің өмірлік стратегияларын құруға көмектеседі. 2020 жылы жоба бағдарламаны өзгертіп, атауын «Атыраудың болашақ мамандары» деп қойды. Жоба аясында психологтар мен мұғалімдер мектеп оқушыларының жеке тұлға құрылымын зерттеп, мектеп түлектеріне мамандық таңдау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді, осылайша өз портфолиосын психологиялық техникалармен толықтырды.

«Мүгедек әлемі» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің жобасы мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған. Жобаның негізгі мақсаты - Атырау қаласында мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған алғашқы «ДОС» оқу орталығын құру, бұл олардың өмірді қамтамасыз ететін білімдер мен еңбек дағдыларын игеруіне ықпал етеді.

«Эко Маңғыстау» ҮЕҰ, Маңғыстау облысындағы туристік орындарда демалыс өткізу әлеуетін қалпына келтіру. Жоба Маңғыстау облысындағы демалыс орындарының туристік тартиымдылығын жақсартуға, қалың жұртшылықтың қатысуымен және экологиялық мәдениеттің қалыптасуымен про-белсенді табигат қорғау іс-шаралар арқылы арттыруға бағытталды. Жоба арқасында 1000-нан астам еркіті 12 сенбілік өткізіп, санитарлық, демалыс орындарды тазартып, қалдықтарды бөлек жинауға арналған ақпараттық тақталар мен жәшіктер орнатты.

«Риза-Ана» ҚҚ үйімдастырған «Үміт» жобасы Тұпқараған ауданындағы жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне, нарықтағы сұранысқа ие болған дағдылар мен кәсіпкерліктің негіздерін 20 жұмыссыз әйелге үйрету арқылы көмектесті. Әйелдер үшін семинарлар мен шеберлік сыныптар, пішіп тігу, бет әрлеуші, үйде нандарды пісіру және маникюр жасау шеберлік курстары өткізілді. Сондай-ақ, олар «НұрКапитал», «Бизнес Бастау», «Кәсіпкер», «Жұмыспен қамту», «Жас Проект» сияқты жобалармен танысты.



Қоғамдық кеңістіктер, Орталық Азияның Еуразия қоры. «Қоғамдық кеңістіктер» жобасының мақсаты – жергілікті қоғамдастықтардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін әлеуетін арттыру. Бұл жоба Жылыой ауданының 6 ауылында, сондай-ақ Форт-Шевченко қаласында, Баутино, Құрық ауылдарында және Маңғыстау облысының Боранқұл ауылында жүзеге асырылды, мұнда жергілікті тұрғындар өз күштерімен балалардың ойын және спорт алаңдарын, демалыс орындарын, балабақшалар мен мектептерді көркейтумен және көптеген басқа да пайдалы шаралармен айналысты. Жергілікті белсенділер жобалай мен жобаларды басқаруда жаңа дағдылармен білімдерге ие болып, қоғамдық орындардың инфрақұрылымына қатысты негізгі проблемаларды анықтап, өздерінің елді мекендерін жақсартты.

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынас бағдарламаларының жетістігі көп жағдайда ТШО-ның қоғамдық-жеке серіктестігінің мемлекеттік, үкіметтік емес үйімдармен және тұрғындармен қоян-қолтық жұмысының нәтижесі.



Қазақстан Республикасы
060011, Атырау қ., Сәтпаев к-сі, 3



+7 712 227 1212
+7 712 302 6000



+7 712 302 6752



tcoinfo@tengizchevroil.com



www.tengizchevroil.com